Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№24 (1027)

18.06.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ЗИРАТ МАҢЫ САТЫЛЫП КЕТКЕН

ЖЕР САУДАСЫНЫҢ ҚЫЗҒАНЫ СОНДАЙ, АРУАҚТАР ЖАТҚАН ҚОРЫМНЫҢ МАҢАЙЫ ДА САТЫЛЫП КЕТІПТІ. АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ, ТАЛҒАР АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ ҚАРАБҰЛАҚ АУЫЛЫНДА ДҮРЛІККЕН ЕЛ БЕЙІТ МАҢЫНДАҒЫ БОС ЖАТҚАН ЖЕРДІ САТЫП АЛҒАН ҚҰРЫЛЫС КОМПАНИЯСЫ «МӘЙІТТІ ЖЕРЛЕУГЕ ТЫЙЫМ САЛДЫ» ДЕП АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫН ШУЛАТУДА.

О заманда бұ заман бейіт маңына көз алартатындай Қазақстанда жер тапшылығы жоқ еді ғой. Алайда, ереуілдеткен ауыл тұрғындарының айтуынша, жерді иеленген компания бейіт маңын қазып, «үй салмақшы, бұл мола маңы жарты ғасырдан бері бос жатқан, ақтық сапарға аттанғандарды жерлейтін жер. Бұл қалай саудалынып кетті?» деген ауылдықтар қара жолды жауып, аудан әкімін шақырып алуға мәжбүр болған. Ақиқатын айтқанда, Талғардағы жер саудасы бұрын да дүркін-дүркін көтеріліп тұратын. Аэропорт маңындағы жердің талан таражға түсуі, ұшақ апаты болмағанда күні бүгінге дейін білінбей кетер еді. Апат болып, адам шығынына жол берілгеннен кейін осы жерге байланысты талғарлық біраз шенеунік істі болып, абақтыға аттанған-ды. Енді міне, Қарабұлақ ауылындағы қорым маңы саудаланғанын білген тұрғындар «зират маңына тиесілі жерге құрылыс салуға жол бермейміз, қажет болса, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа дейін арызданамыз» деп дүрлігіп жатыр. Осы мәселенің ақ-қарасын анықтап, мәнжайды толығырақ білу үшін аудан әкімінің баспасөз өкілі Жангелді Өмірәлиевке хабарластық. Оның айтуынша жұмыс тобы құрылып, қазіргі таңда екі тараппен келіссөздер жүргізілуде. Кезінде саудалынып кеткен жерге әкімдіктің құзыреті жүрмейді. *Қорым маңын сатып алған «Орбұлақ LTD» компаниясы ауыл маңынан жаңа зиратқа 11 гектар жер бөліп беруге дайын. Бірақ, ауыл тұрғындарының ол жерге көңілдері толмайды. Олар ата-баба зиратының маңындағы 2,7 гектар жерді қайтарсын деген талаптарын қоюда.* Оған жерді алған компания келіспей, екі тарап бір мәлімге келмеуде дейді. Ал, «Орбұлақ» компаниясының басты талабы зиратты қоршап беріп, адамдар ата-бабаларының қабіріне барып тұруға мүмкіндік жасап, қорымға енді адам жерленбесін дегеніне халық наразы болуда. Екі оттың ортасында қалған аудан әкімдігі кезінде жерді оңды-солды саудалағандардың кесірінен шақшадай бастары шарадай болып, бітімгерлік жолын табалмай отыр. «Былай тартсаң арба, былай тартсаң өгіз өледі» деген осы ғой! Ұзынқұлақтан жеткен ақпарат бойынша «Орбұлақ LTD» компаниясы бұл араға коттедж қалашығын салмақ екен. Егер кеңестік кезеңдегі заң аясындағы көзқараспен қарасақ, зиратқа жерленген ең соңғы адамның жерленгеніне 30-50 жыл болған соң зиратты тегістеуге және зират маңына 300 қадам болмайынша құрылыс салуға болмайтыны жазылған. Бұл жайында имамдардың да пікірін тыңдадық. Талдықорған өңірінің бас имамы Ардақтың айтуынша жердің құрамына байланысты 30-50 жыл деп бөлінген. Ең соңғы жерленген мәйіттің тәні топыраққа тегіс сіңіп кетпейінше, ол маңға құрылыс салынып, егістік егілмеуі тиіс. Бұл антисанитариялық жағдай екенін айтады.

Басқа-басқа, ата-бабасы жатқан жерден «бізге де бір уыс топырақ бұйырса» деген ауыл тұрғындарының өтініші орындала ма, жоқ па, әлде дау-дамай ушығып, Президентке дейін жетіп, жекеменшік құқығын беріп жібергендерге қылмыстық іс қозғала ма, ол алдағы күндердің еншісінде!

Айтақын МҰХАМАДИ

БАСПАСӨЗ - 2021

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне II жарты жылдыққа жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
6 айға – 1820 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
6 айға – 2235,25 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
6 айға – 2350,40 теңге.

Полугодовая подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
6 месяцев – 1820 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
6 месяцев – 2235,25 тенге.
для сельского населения
6 месяцев – 2350,40 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

2021 жылдың 23 маусымында Алматы облыстық мәслихатының кезектен тыс VI сессиясы (онлайн режимінде) өткізіледі.

Күн тәртібіне сәйкес келесі мәселелер қаралады:

1. Алматы облысының туризм инфрақұрылымының дамуы туралы.

2. Алматы облысының кейбір білім беру ұйымдарына атау беру және оларды қайта атау туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының қарауына енгізу туралы.

3. Алматы облысының әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссияның құрамын бекіту туралы.

4. Алматы облысы Іле ауданы Жетіген ауылдық округі Қайрат ауылының әкімшілік бағыныстылығын өзгерту туралы.

5. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау және осыған дейін қабылданған міндеттемелерге өзгерістер енгізу туралы.

МӘСЛИХАТ

ДЕПУТАТТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Алматы облыстық мәслихатының хатшысы Жанболат Жөргенбаев Іле аудандық мәслихатының аппараты депутаттарымен кездесу өткізді. Бұл туралы облыстық мәслихаттың баспасөз қызметі хабарлады.

Жиында Жанболат Әкебайұлы облысымыздың соңғы бес айдағы жетістіктерімен алдағы міндеттері жайында ақпарат беріп, іске асырылатын жобалар жайын атап өтті. Ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайы және

депутаттардың бұл бағыттағы жұмыстары, өңірдің даму бағдарламасының іске асуын бақылау, сайлауалды бағдарламаның Жол картасы аясындағы нысандардың сапалы жүргізілуге депутаттық бақылау, мәслихат аппаратының жұмысының жүйелі болуы сияқты мәселелерді көтеріп өтті.

Сонымен қатар, аудан депутаттарымен жеке-жеке танысып, жаңадан қабылданған заңдарды түсіндірді.

Ауданда 24 депутат сайланған. Кездесуде депутаттармен пікір алмасып, қойылған сауалдарына жауап берілді.

ТІКЕЛЕЙ ЭФИРГЕ ШЫҚТЫ

Облыстық мәслихат хатшысы Жанболат Жөргенбаев «Instagram» әлеуметтік желісі арқылы «Депутатқа сауал қой» тақырыбында тікелей эфир өткізді. Бұл туралы Алматы облыстық мәслихатының баспасөз қызметі хабарлады.

Эфир барысында Жанболат Әкебайұлы оқырмандарға облыстық мәслихаттың атқарған жұмысымен «Nur Otan» партиясы сайлауалды бағдарламасының Жол картасының іске асуы, өңір дамуы мен алдағы жоспарлары жайлы оқырмандарға ақпарат берілді.

Мұнан кейін Жанболат Әкебайұлы сұрақ-жауап алмасу форматына көшіп, қойылған сауалдарға жауап берді.

Жалпы облыстық мәслихат депутаттары жыл басынан «Депутатқа сауал қой» тақырыбында 363 тікелей эфир өткізіп, 50 000 нан аса оқырманды қамтыды. Өңір депутаттары жыл басынан бері 734 адам қабылдап, оның 444 өтініші (82%) оңды шешілген. 281 сұрақ бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар депутаттар өңір тұрғындарымен 269 кездесуі өткізіліп, өзекті мәселелер бойынша 62 депутаттық сауал жолданған.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БІЛІМ

ТӨРТ МЫҢҒА ЖУЫҚ ОҚУШЫ ҰБТ ТАПСЫРДЫ

Биыл Алматы облысында жалпы саны 18 мыңнан астам оқушы алтын ұя мектебімен қоштасты. Оның ішінде 1521 түлек алтын белгі алса, 1055-і үздік аттестат иегері болды.

Жетісу өңірі бойынша 3983 бала ҰБТ тапсырды. Әзірге ең жоғарғы көрсеткішке «Innoverse Taldyqorgan» жеке меншік мектебінің түлегі Біржан Баймырза қол жеткізді. Емтихандағы шекті меже 140 балл болса, дарынды өрен тестілеуден 138 балл алды.

«Сынып жетекшім – Тұрсынгүл Какаманова менің 130 баллдан асыратыныма сенді. Үміт артып қолдағыны үшін алғысым шексіз. Емтиханға барымды салып дайындалдым, еңбегім текке кетпеді. Қуанышымды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Болашақта IT саласын таңдаймын. Алматы мен Елордадағы ЖОО-на түсетін шығармын бұйыртса» – дейді Біржан Баймырза.

Айта кетейік, облыс бойынша 13499 оқушы бірыңғай ұлттық тестілеуден өтуге ниет білдірген.

С. БАЗАРҚҰЛОВА.

ФЕСТИВАЛЬ

БІРЛІКТІ НЫҒАЙТҚАН МЕРЕКЕ

Талдықорғанда «Жетісу шұғыласы» фестивалі өтті. Іс-шара облыстық орыс орталығының ұйымдастыруымен Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы аясында Славян жазбалары мен мәдениеті күніне арналды.

Шараға Қапшағай, Қаратал, Іле, Сарқан, Еңбекшіқазақ аудандарынан келген өнер иелері қатысты. Концерттік бағдарлама Ұлы отан соғысынның жауынгерлеріне арналды.

Мерекелік іс-шара Текелі қаласынан келген «Эдельвейс» театр-студиясының «Брест қамалының қызыл тастары» атты қойылыммен ашылды. Отан үшін отқа түскен қазақ жауынгерлерінің бір сәттік көрінісін баяндаған қойылым, көрермендердің көзіне еркісіз жас сыйлайды. Әскери форма және Брест қамалының көрінісін бейнелеген жабдықтардың бәрі өткен өмірден белгі беріп тұрғандай әсер етті.

Кішкентай бүлдіршін Марья Молчанованың «Я фильм смотрела о войне» деген тақырыптағы өлеңі көрермен жүрегіне жол тапты. Соғыс кезінде шырқалған әндерге шолу жасалды.

Концерт соңында «Қоғамдық келісім» мекемесі барлық қатысушыларды Алғыс хат және сыйлықтармен мараппаттады. Облыс бойынша 19-шы мәрте аталып өтіп отырған фестиваль жоғарғы деңгейде өткізілді.

А.ҚҰСЫМАНҚЫЗЫ.

КӘСІП

МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАУЫМЕН ЖЕКЕ ІСІН АШТЫ

ҚАПШАҒАЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ, КӨП БАЛАЛЫ ӘКЕ СӘРСЕН ТҰРЛЫБЕКОВ «ЕҢБЕК» БАҒДАРЛАМАСЫМЕН ЖАҢА КӘСІП МЕҢГЕРІП, ГРАНТТЫҢ АРҚАСЫНДА ЖЕКЕ ІСІН АШТЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАДЫ.

Қапшағай қалалық әкімдігінің мәліметінше, Сәрсен Тұрлыбеков төрт баланың әкесі, II топтағы мүгедектігі бар. Өткен жылы Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» бағдарламасымен Қапшағай қаласындағы «Dinat» оқу орталығында «Шаштараз» мамандығы бойынша қысқа мерзімдік курсын аяқтаған болатын. Мұнан соң бизнес-жоспарын қорғап, 200 айлық есептік көрсеткіш (583 400 теңге) көлемінде грант ұтып алды. Қолына алған қаражатқа жұмысына қажетті құрал-жабдықтар сатып алып, қазір қалалық сұлулық салонында еңбек етеді.

Қапшағай қаласының тағы бір тұрғыны микрокредиттің игілігін көрді. «Бизнес-Мектепті» бітірген Нұрланбек Сүлейменов «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-ның қайтарымды қаржысы есебінен 6 млн. теңге шағын несие алды. Соның арқасында манипулятор сатып алып, халыққа қызмет көрсетуде.

Жыл басынан бері өңірде 600 адам «Бастау-Бизнес» жобасын бітіріп шығып, өз жобаларына қаржы алды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АКЦИЯ

«ОДНА СТРАНА – ОДНА КНИГА»

В читальном зале городской детской библиотеки в рамках республиканской акции «Одна страна – одна книга» 2021 года организована книжная выставка «30 книг – 30-летию Независимости».

В Казахстане республиканская акция «Одна страна — одна книга» проводится с 2007 года уже в течение 15 лет по инициативе Национальной академической библиотеки РК и Библиотечной ассоциации РК при поддержке Министерства культуры и спорта РК.

Цель акции – пропаганда литературы, сохранение культурного и духовного наследия, нравственно-патриотическое воспитание молодежи, бережное отношение к родному языку.

Ежегодно в рамках республиканской акции «Одна страна – одна книга» в нашей библиотеке организуются многочисленные мероприятия и книжные выставки.

В Казахстане 2021 год объявлен годом Независимости. В связи с этим, республиканская акция «Одна страна – одна книга» посвящена 30-летию Независимости страны. В рамках этой акции, под названием «30 книг – 30-летию Независимости», для всенародного чтения были выбраны 30 лучших произведений известных авторов в области поэзии, прозы, драматургии, детской литературы и перевода.

Поэзия: Мукагали Макатаев «Өмірдастан», Жумекен Нажимеденов «Менің Қазақстаным», Улыкбек Есдаулет «Киіз кітап», Серик Аксункарулы «Көкейімде Күлтегіннің жазуы», Тоқтарали Таңжарык «Түн парақтары», Бақытжан Канапьянов «Достояние души».

Проза: Тынымбай Нурмагамбетов «Періштелердің өлімі», Тобык Жармагамбетов «Отамалы», Сауле Досжан «Қасірет пен тағдыр», Юрий Серебрянский «Дәмді де пайдалы қазақстандық әдебиет», Даурен Куат «Бөрісоқпақ», Турысбек Саукетай «Желқайық».

Драматургия: Рахымжан Отарбаев «Айна ғұмыр», Дулат Исабеков «Жеті желкен», Мадина Омарова «Көмбе нанның дәмі», Иран-Гайып «Қорқыттың көрі», Думан Рамазан «Пешене», Сая Касымбек «Жанталас».

Детская литература: Ыбырай Алтынсарин «Өнер-білім бар жұрттар», Бердибек Сокпакбаев «Жекпе-жек», Марат Кабанбаев «Жиһангез Тити», Толымбек Абдырайым «Алабұға аулаған күн», Зира Наурызбаева, Лиля Калаус «Алтын тостағанды іздеу», Мади Айымбетов «Бар болғаны он төрт жас».

Переводы: Юсупов Кенес, Габриель Гарсиа Маркес «Жүз жылдық жалғыздық», Адетов Бекболат, Эрих Мария Ремарк «Аманат өмір», Ахметов Адил, Агата Кристи «Ғайып болған миллион», Меллат Толеген, Халид Хусейн «Жарқыраған мың күн», Мазен Динара, Ж.К. Роулинг «Хәрри Поттер мен жасырын бөлме», Курметулы Амангелди, Орхан Памук «Менің атым – Қырмызы».

Акция «30 книг – 30-летию Независимости» будет содействовать повышенному интересу детей к чтению, развитию мышления, а также способствовать интеллектуально-духовному развитию подрастающего поколения.

Г. МАЙЛЯНОВА,
библиотекарь детской библиотеки.

НОВОСТИ

НАЧАЛИ КЛИНИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ КАЗАХСТАНСКОЙ ВАКЦИНЫ

"Эта вторая вакцина НИИПББ, которая успешно прошла доклинические испытания в специализированном предприятии Министерства здравоохранения Республики Казахстан и показавшая свою безопасность. Благодаря применению современных технологий молекулярной биологии разработчикам удалось получить штаммы бактерий, которые производят RBD и N белки коронавируса SARS-CoV-2, которые распознаёт иммунная система", – говорится в сообщении.

Отмечается, что вакцина была успешно протестирована на лабораторных животных.

"Адъювант, содержащийся в составе вакцины эффективно стимулирует иммунный ответ, не оказывая негативного влияния на организм вакцинируемого. Так как в состав этой вакцины входят только необходимые антигены, и не входят все остальные составляющие вируса, побочные эффекты после субъединичной вакцины случаются реже", – отметили в НИИ.

Подобные вакцины используют против гриппа, гепатита В, пневмококковой, менингококковой, гемофильной инфекций.

Разрешение на проведение клинического исследования вакцины QazCoVac-P комитет медицинского и фармацевтического контроля Минздрава выдал 11 июня. В его рамках будет проведено рандомизированное слепое плацебо-контролируемое исследование I фазы и рандомизированное открытое исследование II фазы у здоровых взрослых добровольцев в возрасте от 18 лет и старше.

Всего научно-исследовательский институт проблем биологической безопасности проводит разработку пяти вакцин (инактивированная, субъединичная, две векторные и аттенуированная) против Covid-19.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ОФИЦИАЛЬНО

ТОКАЕВ ПРИНЯЛ ВЕРИТЕЛЬНЫЕ ГРАМОТЫ У ПОСЛОВ РЯДА ГОСУДАРСТВ

В РЕЗИДЕНЦИИ АКОРДА СОСТОЯЛАСЬ ЦЕРЕМОНИЯ ВРУЧЕНИЯ ВЕРИТЕЛЬНЫХ ГРАМОТ ПРЕЗИДЕНТУ КАЗАХСТАНА ВНОВЬ НАЗНАЧЕННЫМИ ЧРЕЗВЫЧАЙНЫМИ И ПОЛНОМОЧНЫМИ ПОСЛАМИ ЧЕТЫРЕХ ГОСУДАРСТВ, СООБЩАЕТ ГАЗЕТА «АЛАТАУ» СО ССЫЛКОЙ НА AKORDA.KZ.

Верительные грамоты вручили Посол Японии Джун Ямада, Посол Индии Шубдаршини Трипати, а также послы по совместительству – Посол Камбоджи Ким Хенг Миэ и Посол Шри-Ланки Мигахаланде Дураге Ламаванса.

Глава государства поздравил послов с официальным началом их дипломатической миссии, которое совпало со знаменательной датой – предстоящим 30-летием Независимости Казахстана.

– На протяжении этих памятных лет наша страна проводит сбалансированную внешнюю политику, основанную на многосторонности и международном праве. Стратегически расположенный между Востоком и Западом, Казахстан играет жизненно важную роль в Евразийских делах, – отметил Касым-Жомарт Токаев.

Президент проинформировал иностранных дипломатов о приоритетных направлениях внешнеполитического курса Казахстана, экономических и инвестиционных возможностях, деятельности по обеспечению безопасности и стабильности в регионе, а также о принимаемых мерах по борьбе с пандемией коронавируса и изменением климата.

Обращаясь к Послу Японии, Глава государства подчеркнул, что его страна является одним из ключевых политических, торговых и инвестиционных партнеров Казахстана.

– Казахстан придает большое значение расширению взаимодействия с Японией – экономической сверхдержавой, являющейся образцом в области технологий, «зеленого» роста, образования и социальной справедливости. В прошлом месяце у меня состоялся весьма продуктивный телефонный разговор с Премьер-министром Ёшихидэ Суга. Мы ожидаем, что его визит в Казахстан по моему приглашению позволит принять ориентированную на будущее дорожную карту всеобъемлющего партнерства, – сказал Касым-Жомарт Токаев.

Говоря о сотрудничестве с Индией, Президент дал высокую оценку стратегического партнерства с этой страной.

– Ваша замечательная страна добилась колоссальных успехов на пути становления в качестве динамичного экономического центра и важного глобального игрока. Я провел весьма продуктивные переговоры с Премьер-министром Моди и с нетерпением ожидаю возможности совершить визит в Нью-Дели по мере нормализации ситуации в вашей стране и в мире, – отметил Глава государства.

Касым-Жомарт Токаев назвал развитие тесного взаимодействия с Камбоджей частью внешней политики Казахстана в Юго-Восточной Азии.

– Важная роль Казахстана в инициативе «Пояса и пути», а также членство в Евразийском экономическом союзе открывают новые возможности для укрепления отношений со странами АСЕАН, включая Камбоджу. Желаем вашей стране успешного проведения саммита Форума «Азия – Европа» в конце текущего года, – заявил Президент.

Характеризуя сотрудничество Казахстана со Шри-Ланкой, Касым-Жомарт Токаев обратил внимание на то, что это островное государство имеет важное значение для морской и региональной стабильности.

– Мы считаем, что имеем множество возможностей для взаимного сотрудничества с вашей страной, – сказал Глава государства.

В завершение Президент пожелал дипломатам успехов и передал теплые приветствия лидерам их государств.

СОБ.КОРР.

ОБРАЗОВАНИЕ

ОРГАНИЗОВАНА РАБОТА «ЛЕТНЕЙ ШКОЛЫ»

С 31 мая по 11 июня для учащихся 4– 12 классов Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган была организована работа «Летней школы». Летняя школа проходила в онлайн формате, ученикам была предоставлена возможность повысить уровень знаний, выбрав себе подходящий курс. Были подготовлены более пятидесяти курсов, начиная от олимпиадных подготовок, курсов по информационным технологиям и творческих мастерских.

Каждый день летней школы был индивидуален своим разнообразием и насыщенностью. Ребята делали увлекательные эксперименты и множество открытий. К примеру, на курсе по Web-дизайну ученики написали свой первый сайт по шаблону в HTML, узнали основы Java Script, как и где его применять.

Курс «Интересные химические опыты» подарил ребятам незабываемые эмоции. Алия Кобдыкова, учитель химии Интеллектуальной школы решила закрепить теоретические материалы удивительными опытами. Ведь в химии очень много абстарктных понятий, а знакомство с эффектными превращениями имеет важное познавательное значение и способствует формированию интереса к химии как учебной дисциплине. Одним из самых ярких опытов в Летней школе были опыты по получению углекислого газа и щелочи. Ребята сумели создать «Лавовую лампу», «Пенную змею» своими руками и увидеть их реакцию.

- Химия - удивительная наука. Изучая школьный материал, у нас была возможность также поэксперементировать, видеть, наблюдать свои опыты. Забавно было готовить лимонад из лимонной кислоты и соды. Получился охладительный напиток и вместе с тем, мы узнали про углекислый газ, - поделился своими комментариями ученик 7 класса Мансур Джуманбаев.

Игре на домбре учился ученик 9 класса Құнанбай Серікбосын. Ему удалось более четче и правильно исполнять знаменитые кюи, такие как «Адай», «Балбырауын», «Сары –арка». И вместе с тем подобрать аккорды к народной песне «Ахау керім».

- Участники целых 10-дней были погружены в мир знаний, участвовали в веселых играх и интеллектуальных соревнованиях, увлекательных опытов. Однозначно, они смогли приумножить свои навыки на курсах по различным направлениям. Мы всегда рады предоставлять такую возможность нашим ученикам каждый год, - поделилась своим комментарием заместитель директора Назарбаев Интеллектуальной школы Анар Сарыева.

К. ПФАЙФЕР.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӘСІП

ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕР өркендеп келеді

Алматы облысының тұрғындары ұлттық дәстүрлерді жаңғыртып келеді. Еңбекшіқазақ ауданы Рахат ауылының тұрғыны жас шебер Абзал Әкімбек қолөнерге өзгелерді де үйретіп, ұлттық музыкалық аспаптардың 50-ден астам түрін дайындайды.

Оның қолымен жасалған домбыра, қобыздар көп сұраныста ие. Ол бабалар мұрасын сақтай отырып, табысын да молайта білді. Мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде шеберханасын кеңейтіп, қажетті құрал-жабдықтарын жинақтап алды. Бұл туралы Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Абзал 23 жаста, жастығына қарамай тынымсыз еңбектің арқасында шеберхана жұмысын жүргізіп отыр.

«Ұлттық музыкалық аспаптарға, олардың тарихын білуге, жасалуын меңгеруге деген қызығушылығым бала күнімнен оянды. Шамамен 7 сыныпта осы балалық қызығушылығым домбыра жасап үйренуіме себеп болды. Мен мектепті бітіргенше бос уақытымның бәрін шеберханада өткізетінмін. Кейін колледжде оқып, оны бітіргеннен кейін шеберханада бір жылдай жұмыс істеп, тәжірибе жинадым. Мұнан соң жеке ісімді ашуға бел будым. Бір жыл өз бетіммен жұмыс істегеннен кейін жеке бизнесті жүргізіп, дамыту керектігін түсіндім. Сөйтіп мемлекеттің қолдауын алу үшін Кәсіпкерлер палатасының өңірлік филиалына көмекке жүгіндім. Көп өтпей «Жас кәсіпкер» бағдарламасы бойынша 2,5 млн теңге сомасында грант ұтып алдым. Оған заманауи станоктар, басқа да қажетті құрал-жабдықтар сатып алдым. Бұл менің бастамама үлкен қолдау болды. Содан бері ерінбей еңбектеніп, ұлттық қолөнерді жалғастыру үшін жас балаларды аспаптар жасауға үйретіп келемін. Алдағы уақытта отандық және халықаралық көрмелерге қатыссам дейімін», – деп ой бөлісті жас шебер А.Әкімбек.

Бүгінгі күні Абзалдың шеберханасында ұлттық музыкалық аспаптардың 50-ден астам түрі жасалады. Олардың қатарында домбыра, прима домбыра, қобыз, жетіген, дауылпаз, сыбызғы және басқалары бар. Шеберханада Абзалдан басқа тағы 3 жергілікті тұрғын жұмыс істейді. Музыкалық аспаптарды өнер мектептері, кәсіби және әуесқой музыканттар сатып алады, сол сияқты ұлттық стильдегі сыйлық ретінде де өтімді.

Ал Қапшағай қаласында тұратын көп балалы ана Жанат Медетқызы құрақ көрпелер тігудің көне технологиясын қайта жаңғыртып отыр. Бұл істе 15 жылдық тәжірибесі бар шебер қапшағайлық жас қыз-келіншектерді осы өнерге баулуда. Ал орындаған тапсырыстары Қазақстанның түкпір-түкпіріне жөнелтіледі.

«Біздің бұйымдарымызды қапшағайлықтар ғана емес, Атырау, Ақтау, Уфа қалаларының тұрғындары да сатып алады, тіпті Түркия, жақында Чехия елдеріне де жіберілді. Біз үшін сапа - бірінші орындағы маңызды мәселе. Халқымыздың дәстүрлерін сақтауға өз үлесімізді қосып, бай мәдени мұрамызды әлемге танытқымыз келеді. Бұл ретте интернеттің мүмкіндіктерін белсенді пайдаланамыз. Инстаграмдағы kyz_zhasau.kz парақшамызда 50 мың жазылушы бар. Бүгінгі күні бұл табысты істің көрсеткіші бола алады. Бұл істі жалғыз тігін машинасымен төсек жабдықтарын тігуден бастаған едім. Қазір іргесі кеңейіп, бизнестің ауқымы үлкейіп келеді. Негізгі мамандығым - ветеринар, бірақ уақытымның көп бөлігін Алматыда құрылыста жұмыс істеумен өткіздім. Жолдасым қайтыс болғаннан кейін балаларымды қиындықсыз асырап, әрі тұрақты қастарында болу үшін Қапшағай қаласынан өз ісімді ашсам деп шештім. Қалалық әкімдік ғимарат жағынан көмектесті, сөйтіп «Nur Otan» партиясының қалалық филиалының қолдауымен «Ғибрат» қоғамдық бірлестігін құрдым. Мұндағы мақсатым - өзім секілді көп балалы аналарға көмек көрсету. Біздің кішкентай цехымыз бірте-бірте аяғынан тұрып келеді. Алғашында 50 адам жұмыс істеген, барлық қажетті техникаларды сатып алғаннан кейін 20 адам жұмысқа орналасты. Қазір цехты кеңейтіп жатырмыз. Трикотаждан киімдер тіксек дейміз. 100 адамға дейін жұмысқа тартсақ деген жоспарымыз бар», – деді цех иесі.

Жанат Медетқызының айтуынша, цех шеберлері күніне 40-50 қалыңдықтың жасауын тіге алады. Жастықтар, көрпелер, жапқыштар өзінің түрлі ою-өрнектерімен көз тартады. Жалпы құрақ құрау - көркемдік талғамды талап ететін шығармашылық жұмыс. Құрақ түстерін таңдау, формаларын табу, оларды бір-бірімен үйлестіру - оңай іс емес. Дегенмен цех шеберлері жұмыстың күрделілігіне қарамастан цехта жалпы 20-дан астам бұйым дайындайды.

Жанат Медетқызы табысты кәсіпкер ғана емес, бес баланың анасы. Қапшағай қалалық әкімдігінің мәліметінше, ол қоғамдық жұмыстармен айналысып, қайырымдық шараларына белсенді қатысып, мұқтаж отбасыларына, жағызбасты егде қарияларға азық-түлік және басқа да қажеттіліктер жеткізіп көмектеседі. Өз қолымен жасаған бұйымды сыйға тартатын кездері де көп. Көп балалы ана індет ушығып тұрған кезде де көмек беруден тыс қалған жоқ. Оның цехында 13 мыңдай қорғаныс бетперделері тігіліп, тегін таратылды.

Құрақ көрпе тігу өнері Текелі қаласында да дамып келеді. Мұнда Балалар шығармашылық орталығында жергілікті оқушылар ұлттық ою-өрнекті көрпежастық тігуді үйреніп жүр. Қолөнерді жаңғыртумен құрақ көрпе тігу шеберханасы студиясының иесі, талдықорғандық Айман Жолтай айналысады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

САЙЫС

„ҚОЙ ҚЫРҚУ" жарысы

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚАРАТАЛ АУДАНЫНДА ҚОЙ ӨСІРУШІЛЕРДІҢ АРАСЫНДА «ҚОЙ ҚЫРҚУ» ЖАРЫСЫ ӨТТІ. САЙЫС БИЫЛ ЕЛІМІЗДЕ АЛҒАШ РЕТ АТАП ӨТІЛЕТІН МАЛ БАҒУШЫЛАР КҮНІНЕ ОРАЙЛАСТЫРЫЛДЫ. КӘСІБИ МЕРЕКЕ МАУСЫМ АЙЫНЫҢ ЕКІНШІ ЖЕКСЕНБІСІНДЕ АТАП ӨТІЛЕДІ. БҰЛ ТУРАЛЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАДЫ.

«Shopan-ata» Қазақстан ұлттық қой өсірушілер қауымдастығы ұйымдастырған іс-шарада «Атамекен» ҚР ҰКП басқарушы директоры-агроөнеркәсіптік кешен және тамақ өнеркәсібі департаментінің директоры - Ербол Есенеев, Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасының директоры Әсет Шаяхметов, сондай-ақ Қаратал ауданы әкімдігінің өкілдері, кәсіпкерлер, сарапшылар, БАҚ өкілдері қатысты.

«Shopan-ata» Қазақстан ұлттық қой өсірушілер қауымдастығының төрағасы Алмасбек Садырбаевтың сөзінше, жарыс мал шаруашылығы саласын насихаттау мен мал өсіруші мамандығының беделін арттыру мақсатында ұйымдастырылған.

«Бұл тәуелсіздік алғаннан кейін алғаш рет өткізіліп отырған қой өсірушілер арасындағы жүнді жылдам қырқуға арналған бірінші жарыс. Біздің ортақ міндетіміз - мемлекет пен қоғамның назарын мал шаруашылығына, осы саладағы жұмысшыларға аудару. Біз мал шаруашылығының жаңа серпін алып, оның дамуы жаңа деңгейге көтерілгенін қалаймыз. Сонымен бірге, еліміздің түкпір-түкпірінен келген қой өсірушілердің бір-бірімен кездесіп, тілдесіп, тәжірибе алмасуын мақсат еттік. Алдағы уақытта шарамызды республика деңгейінде кеңейтетін боламыз», – деді еліміздің бас қойшысы.

«Қой қырқуға» Атырау, Жамбыл және Алматы облыстарынан 22 мал өсіруші қатысты. Қатысушылар тек жылдамдыққа ғана емес, сонымен қатар қой жүнін сапалы қырқуы да бағаланды. Бас төрешілік Ұлттық палатаның басқарушы директоры Ербол Есенеевке жүктелді. Ол ұйымдастырушыларға алғысын білдіре отырып, малшылар мерейін асқақтатын іс-шараларды өткізудің маңыздылығы мен қажеттілігін атап өтті.

«Биыл біз алғаш рет Мал бағушылар күнін атап өтеміз. "Shopan-ata" қауымдастығының Алматы облысында ұйымдастырған іс-шарасы еліміздегі айтулы оқиғаға айналды. Агроөнеркәсіптік кешен әлеуеті озық қарқынмен өсіп келе жатқан біздің экономикамыздың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. «Атамекен» өз кезегінде кәсіпкерлік қоғамдастыққа жан-жақты қолдау көрсетуді жалғастырады», – деп атап өтті «Атамекен» ҚР ҰКП Басқарушы директоры - агроөнеркәсіптік кешен және тамақ өнеркәсібі директоры Ербол Есенеев.

Жарыс қорытындысы бойынша Жамбыл облысынан келген Нұрбол Кен бірінші орынды иеленіп, жүн қырқудың үздік шебері болып танылды. Жеңімпазға қырқу құралдары мен ақшалай сертификат берілді. Қатысушы 27 минут ішінде 15 қойды қырқып, рекорд орнатты. Үздік бестікте Жамбыл облысынан келген қатысушылар орын алып, оларға ақшалай сертификаттар табыс етілді. Сонымен қатар, қойларды қырқуды сапалы орындаған бірқатар қатысушыларға да марапат берілді.

Келесі жылы ұйымдастырушылар жарысты облыстық деңгейде ұйымдастырып, кейін қой жүнін қырқудан Қазақстан чемпионатын құруға ниетті.

Ш. ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СУРЕТ КӨРМЕСІ

«ТӘУЕЛСІЗДІК - АҚ ОРДАМ, ТАЛДЫҚОРҒАН - БАҚ ОРДАМ»

ТАЛДЫҚОРҒАНДАҒЫ «АТАМЕКЕН» КӨРМЕ КЕШЕНІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ АЯСЫНДА ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА ЖӘНЕ ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНА КӨШКЕНІНЕ 20 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ БЕЛГІЛІ ФОТОГРАФТАР ШҮКІРӘЛІ ШАХАЙ МЕН ЖЕҢІС ЫСҚАБАЙДЫҢ «ТӘУЕЛСІЗДІК - АҚ ОРДАМ, ТАЛДЫҚОРҒАН - БАҚ ОРДАМ» БІРЛЕСКЕН СУРЕТ КӨРМЕСІ ӨТТІ.

Көрменің салтанатты ашылуына облыс әкімі Амандық Баталов және өңірдің бірқатар зиялы қауым өкілдері қатысты. Бұл туралы Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Көрмеге «Құрмет» ордені мен «Фотоөнер қайраткері» медалінің иегері Шүкірәлі Шахай мен Журналистер одағының мүшесі Жеңіс Ысқабайдың және басқа да оншақты жергілікті фотографтың 300-дей суреті қойылған. Фото суреттерде еліміздің 30 жыл ішіндегі жүріп өткен жолы, даму сатылары, Елбасының қатысуымен өткен түрлі тарихи оқиғалар, еліміздің даңқты азаматтары, тарихи ескерткіштер – бәрі қамтылған. Облыс әкімі Амандық Баталов әр суретте бейнеленген кезеңдер туралы естеліктерін айта жүріп, көрмені толық аралап шықты. Ресми ашылуында сөз алған Амандық Баталов: *«Көрме шын мәнінде тәуелсіздіктің 30 жылдағы барлық баспалдағын сурет арқылы көрсетіп берген керемет шара болды. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардағы дүкен сөрелерінің бос қалған, зауыт-фабрикалардың тоқтап тұрған қиын кезеңдерін де, Елбасының бір мақсатқа жұмылдырған тарихи оқиғаларын да, елге еңбек сіңірген қайраткерлерді де, табиғатымыздың кереметтерін де осы фото суреттерден көріп, риза болдық. Қазақстанның, соның ішінде Алматы облысының өсіп-өркендегені көз алдарыңызда өтіп жатыр. Біз елімізбен мақтанамыз. Осындай шараны ұйымдастырған азаматтар Шүкірәлі мен Жеңіске көп рахмет айтамын. Адамның көзі мен фотографтың көзі бірдей емес. Суретшіге әр сәтті қалт жібермейтін байқампаздық керек. Бүгінгі көрмедегі суреттер – сондай шеберліктің нәтижесі. Көрме бір ай бойы тұрады. Осындай суретке басылған тарихты жастар көріп, көңілге түйсе дейміз»,* – деген өңір басшысы шараға арнайы келген Шүкір Шахайға сый-сияпат көрсетті. Жеңіс Ысқабай да құрметті қонаққа Талдықорған қаласының кіре беріс аркасының ағаштан қашалған бейнесін тарту етті.

Өз кезегінде сөз алған Ш.Шахай көрмеге өзінің 100 туындысын алып келгенін, бұл көрменің дәл осы Жетісу жерінде, Талдықорған төрінде ашылғанына қуанышты екенін жеткізді. Тәуелсіздікке қызмет ету әр азаматтың қастерлі парызы екенін айта келе, облыс басшылығына ризашылығын білдіріп, елорданың 20 жылдығына арнап шығарған фотоальбомын сыйға тартты. Мұнан соң Жеңіс Ысқабайдың «Таңғажайып Талдықорған» атты фотоальбомының тұсаукесер рәсімі атқарылды. Барлық қуаныштарға Алматы облысының Құрметті азаматы, ардагер Наурыз Қылышбаев құтты болсын айтты.

Осы ретте өңірде еңбек ететін бірқатар фотографтарға облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты берілді. Шағын концерттік нөмір қойылды.

Көрмеде жалпы саны 300-дей фото сурет ұсынылған. Онда Қазақстанның тәуелсіздік алған алғашқы жылдарынан бастап, бүгінгі күнге дейінгі тарихи кезеңдері қамтылған. Атап айтқанда, мемлекеттік Тудың, Елтаңбаның алғашқы нұсқаларының Елбасына таныстырылу сәті, мемлекеттік рәміздердің қабылданған кезі, Тудың ғарышқа ұшырылған сәті, Елбасының түрлі халықаралық басқосуларға қатысқан шақтары, шетел Президенттерімен бірге түскен суреттері, елімізге Тайқазанды алып келген шақ, Тұңғыш Президенттің Олимпиада жеңімпаздарымен кездесуі және басқа да әр күні тарихқа айналған отыз жылдың шежіресін осы көрмеден көруге болады. Көрме бір ай бойы ашық болады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

СЕЛЕКТОРЛЫҚ ЖИЫН

ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ – ТАБЫСТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

ҮКІМЕТТІҢ БАСТАМАСЫМЕН АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ ӨНДІРІСІН 2 МЛН. ТОННАҒА ДЕЙІН ЖЕТКІЗУ ЖОСПАРЫ МЕЖЕЛЕНІП ОТЫР.

Бұл міндетті орындауға өңірдің әлеуеті жетеді. Ол үшін айналымға қосымша тағы 36,8 мың гектар суармалы жер тартылады. Премьер-Министрдің орынбасары Роман Склярдың төрағалығымен өткен үкіметтің селекторлық жиынында облыс әкімі Амандық Баталов осылай деді. Бұл туралы Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Облыс басшысының айтуынша, аймақта қазіргі кезде қант қызылшасының алқабы 16,3 мың гектар, өткен жылы Ақсу және Көксу қант зауыттарында барлығы 550 мың тонна қант қызылшасы өңделген. *«Енді осы көрсеткішті 2 млн. тоннаға жеткізу межесі қойылып отыр. Оны біз қуана қолдаймыз және оған қажетті барлық мүмкіндіктерді жасаймыз. Ақсу қант зауытының өндірістік қуаты 550 мың тонна болса, Көксу зауыты 250 мың тонна шикізат өңдей алады. Алдағы уақытта Алакөл және Қарабұлақ қант зауыттарының әрқайсысы 500 мың тонналық қуаттылыққа ие бола алады деп есептейміз»*, – деді А. Баталов.

Атап өтсек, облысқа үкіметтік жұмыс тобы келіп, өңірдің 2 млн. тонна қант қызылшасын өсіріп-өңдеуге қажетті жер, су, материалдық база және басқа да ресурстарының мүмкіндіктерін зерделеуде. Өз сөзінде облыс әкімі аталған жұмыс тобымен кездесіп, жергілікті жерлерде олардың жан-жақты аудит жүргізуіне жағдай жасау тапсырылғанын да жеткізді.

Мұнан соң Жамбыл облысы және бірқатар министрлік басшылары сөз алып, өздеріне тиесілі бағытта атқарылатын мәселелерге тоқталып өтті.

Жиында соңында Үкімет басшысының орынбасары Роман Скляр бірдіекілі зауытты іске қосумен мәселе шешілмейтінін, сондықтан бұл іске кешенді түрде кірісу керектігін айтты. Және бұл іргелі бастамаға мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетінін жеткізді.

«Импорт алмасуды қамтамасыз етуде алдымызға үлкен міндеттер қойылып отыр. Соның бірі - қант қызылшасы өндірісін өркендету. Өңірлерден қажетті есептеулерді, тиісті құжаттарды дер кезінде дайындауды сұраймыз. Олардың уақытылы дайындалуына қарай қажетті қаржылай қолдау көрсетілетін болады. Жобаның іске асырылуы жөнінде Жол картасы дайындалады. Бұл құжатта оның барлық сатылары кезең-кезеңімен қамтылуы тиіс. Бұл – көптеген саланы қамтитын ірі бастама. Сондықтан Жол картасы құжаты да ауқымды болады», – деді Р. Скляр.

Селекторлық жиын аяқталғаннан кейін облыс әкімі Амандық Баталов 4 қант зауытын жаңғырту және техникалық аудит мәселесі бойынша өңірге арнайы келген ҚР Премьер-Министрінің кеңесшісі, үкіметтік жұмыс тобының мүшесі Гүлбану Пазылхаировамен бірге өңірдегі қант қызылшасы өнімін арттыру мәселесін талқылауды одан әрі жалғастырды. Үкіметтік селекторлық жиында жергілікті жерлерде қант зауыттарының 200 км радиуста орналасқан жер учаскелерінің мақсатты пайдаланылуына түгендеу жүргізілуі тиіс екені айтылған болатын. Осыған орай облыс әкімі Амандық Баталов Г.Пазылхаироваға өңірде жер учаскелері туралы барлық мәлімет топтастырылған электронды жер картасы жұмыс істейтінін, бұл істе осы карта үлкен көмек болатынын айтып, аталған картаны таныстырып өтті. Және жұмыс тобына жергілікті жерлерде қажетті аудит жүргізуге барлық жағдай жасауды облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына, «Жетісу» ӘКК» ӨДИ» АҚ басшылығына, селекторлық режимде жиынға қосылған аудан әкімдеріне жіті тапсырды.

Сол сияқты басқосуда «Жетісу» ӘКК осы ауқымды жұмысты іске асыру бағыттары туралы презентация көрсетті. Презентациямен танысқан облыс басшысы оған бірқатар түзетулер мен өзгерістер енгізу керектігін ескертті. Сонымен қатар жиында жаңбырлатып суару жүйесін енгізу мәселесі де сөз болды. Оны енгізуге дайын инвесторлар да бар. Облыс басшысы бұл жаңа технологияны Қапшағайдан бастауға болатынын айтты. Суды үнемді пайдалану керектігін, сондықтан жаңбырлатып суару сияқты жаңа технологияны енгізу өңір үшін тиімді екенін алға тартты. Ол, біріншіден, ресурс үнемдеуге көмектессе, екіншіден, өнім сапасын арттыруға да ықпал етеді.

«Біз қант қызылшасын 2 млн. тоннаға жеткізуді іске асырудың облыстық Жол картасын әзірлеуіміз керек. Онда атқарылатын әрбір шара - жер түгендеу, жаңбырлатып суару технологиясын енгізу, суару желілерін жаңғырту, басқа да барлық жұмыс егжей-тегжейлі қамтылуы тиіс. Талдықорған өңірі – ежелден қант қызылшасын өсіруге маманданған аймақ. Мұнда қызылша өсіру әулеттен әулетке жалғасып келе жатқан атакәсіп. Сондықтан біздің облыста 2 млн. тонналық межеге жетуде қиындық тумайды деп ойлаймын», – деді А. Баталов.

Жалпы елімізде қант қызылшасы өндірісін 3,5 млн. тоннаға жеткізу жоспары бар. Соның 1,5 млн. тоннасы Жамбыл облысына тиесілі болса, 2 млн. тоннасы Алматы облысының үлесінде.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

● NUR OTAN

ОБЛЫСТЫҚ ПАРТИЯ ФИЛИАЛЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ Г.ТОЙЛЫБАЕВАНЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ САЯСИ КЕҢЕС БЮРО ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. БҰЛ ТУРАЛЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ПАРТИЯ ФИЛИАЛЫНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАДЫ.

САЯСИ КЕҢЕС БЮРО ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Күн тәртібінде «Жастар-Отанға!» 2025 жылға дейінгі бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған жол картасын бекіту мәселесі қаралды. Облыстық «Jas Otan» ЖҚ төрағасы Е.Ақболатов бюро мүшелеріне аталған бағдарламаны іске асыруы жайында баяндап берді.

Баяндамашының сөзінше, «Жастар-Отанға» 2025 жылға дейінгі бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған Алматы облысы бойынша 21 жол картасының (1 облыстық, 3 қала, 17 аудандық) жобасы әзірленіп, қала және аудандық жол карталары толықтай «Nur Otan» партиясының Саяси кеңес бюросында бекітіліпті.

– «Жастар-Отанға» 2025 жылға дейінгі бағдарламасында көзделген барлық 5 бағыт бойынша жол карталарында жалпы саны 16 индикатордан тұратын 40 облыстық, 59 қалалық және 345 аудандық деңгейдегі іс-шаралар қамтылған. Жол карталарының уақытылы, әрі сапалы орындалуын және жауапты тұлғаларды бекіту мақсатында, облыстық басқармалар, аудан, қалалық жергілікті мемлекеттік органдар, жастар ұйымдарымен келіссөздер жүргізіліп, әр мекеме басшысының қолы және мекеме мөрі қойылған келісім парақтары әзірленді, – деп атап өтті ол.



Бюро отырысында белгілі болғанындай, партияның 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» Сайлауалды бағдарламасы, сондай-ақ, жастарды қолдауға бағытталған «Жастар – Отанға!» бағдарламасын тиімді іске асыру мақсатында облыс бойынша әр деңгейдегі маслихат депутаттарынан құралған Жас депутаттар корпусы және партия жанындағы Жастарды қолдау жөніндегі қоғамдық кеңес құрылып, облыс жастарының жан-жақты дамуы мен өзін-өзі қалыптастыруы үшін жағдай жасау бағытында жұмыстарды атқаратын болады.

С. БАЗАРҚҰЛОВА.

Дүйсенбі - Понедельник, 21 маусым

ҚАЗАҚСТАН

05.45, 03.35 Әнұран
05.50 Футбол. Америка кубогі-2021. Колумбия-Перу.
08.00 «TANSHOLPAN»
10.00,18.00 «Асау Толқын»
12.00,17.20 «Қызық екен...»
13.00,17.00,20.00,03.00 «AQPARAT»
13.10 М/ф«Сүйкімді София»
14.00,02.20 «Теледәрігер»
15.00 «Арта»
16.00 «Ауылдастар»
16.35 «Біздің полиция»
20.35 «Ashyq alan»
21.30, 00.20 Футбол. UEFA Euro -2020. «Доп Дода»
21.50 Футбол .UEFA Euro -2020 .Украина – Аустрия
00.00 «Көңіл толқыны»
00.50 Футбол .UEFA Euro -2020 . Ресей – Дания

ХАБАР

06.00 «Хабарline»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00,01.00 «Әсем әуен»
11.15 «Шашу»
13.15,23.30 Т/х «Көкжал-2»
15.00«Бүгін»
17.00 «Позывной «СТАЯ»
18.00 «ХАОС»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Баспанаға бығыт»
21.00 Итоги дня

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30«Күлдірген»
07.00«Ұрланған тағдыр»
08.00М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Ұлым»
12.30,23.10 Т/х «Қайсар ханша»
14.00 «Айтарым бар»
15.00,03.15 «Үздік әзілдер»
15.30 «Сулейман сұлтан»
17.00 «Аладдин»
18.00 Т/х «Мәриям»
20.00,01.20 Astana times
00.30 «Қош келдіңіз»
02.10 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.55 «KazNet»
03.50 «Интерны»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.00Т/х «Ғашықтар» телехикаясы
06.40 «Той заказ»
07.10, 03.45 «ТОЙ БАЗАР»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14.15 «112»
14.30 «Qoslike»
18.30,02.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Ничто не случается дважды-2»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Ментовские войны»
00.40 «Неопалимая купина»
01.30 «П@утина»

КТК

07.05«Улы тамшылар»
07.40Т/х «Ясминнің тағдыры»
08.20 Т/х«Сен мықтысың,тек алға!»
09.20 «Я подарю тебе рассвет»
14.00 «Сумашедшая любовь»
15.50,01.50 «Акварели»
18.00 «Сен менің теңім емессің»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00,02.40Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 «Сильная слабая женщина»
00.00 «Морские дьяволы»
03.15«Әйел қырық шырақты»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Ұлт құндылығы»
11.00 «Әкелердің әңгімесі»
11.45 «Спорт»
12.00 «Қазақүні»
12.35 «Полицейская служба»
13.00 «Олжа»
13.30 «Әсем әуен»
14.00 «Әндер мен жылдар Астана 2019» концерт
15.30 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздікжылнамасы»
19.30 «Әдебиет пен адамзат»
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Ауырып ем іздегенше»
21.10 Д/ф «Мәдени қазыналар»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бәрі де анам жайлы» (7-8 серия)
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.40 «Неге?»
08.20 «Армагеддон
09.20«Иффет»
11.00,00.50 Т/х «Ананди»
14.10 What'up?
14.20 «Городские легенды-2: последни отрезок»
16.30 «Такси»
17.00 «Экстрасенсы-детективы»
18.10 « Хэнкок»
20.00 Информбюро
21.00 «Дар небес»
22.20 «Добро пожаловать в рай»
01.40 «Кел, татуласайық!»
03.40 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.30«Зың-зың Кулпәш»
07.50, 21.00 «Әкесінің баласы»
09.00 «Исправленому верить»
13.00 Т/х«Бастық боламын»
14.00 «Q-елі»
15.00,03.00«Мезгілсіз сезім»
16.00Т/с «Мама-детектив»
17.00 «Домик на счастье»
18.00,00.00 «Оскольки»
19.00 «Нюхач»
22.00 «Арам ақша.Адал махаббат »
01.10 Т/х«Анна-детектив»
05.00 «Қуырдақ»

Сейсенбі - Вторник, 22 маусым

ҚАЗАҚСТАН

05.45, 03.35 Әнұран
05.50 Футбол.Америка кубогі 2021. Аргентина-Парагвай
08.00 «TANSHOLPAN»
10.00,08.00 «Асау Толқын»
11.00 «Ән мен әнші»
12.00,17.20 «Қызық екен...»
13.00,17.00,20.00,03.00 «AQPARAT»
13.10 М/ф«Сүйкімді София»
14.00,02.20 «Теледәрігер»
15.00 «Жүзден жүйрік»
16.00 «Тұлға»
16.35»Қайсар жан»
20.35 «Ashyq alan»
21.30 «Замандастар»
22.30 «Жат мекен»
00.20 Футбол. UEFA Euro -2020. «Доп Дода»
00.50 Футбол .UEFA Euro -2020. Чехия-Англия

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұраны
06.00 «Хабарline»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00,01.00 «Әсем әуен»
11.15 «Шашу»
13.15,23.30 Т/х «Көкжал-2»
15.00«Бүгін»
17.00 «Позывной «СТАЯ»
18.00 «Револьер»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Баспанаға бығыт»
21.00 Итоги дня

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30«Күлдірген»
07.00«Ұрланған тағдыр»
08.00М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Ұлым»
12.30,23.10 Т/х «Қайсар ханша»
14.00 «Айтарым бар»
15.00,03.15 «Үздік әзілдер»
15.30 «Сулейман сұлтан»
17.00 «Аладдин»
18.00 Т/х «Мәриям»
20.00,01.20 Astana times
00.30 «Қош келдіңіз»
02.10 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.55 «KazNet»
03.50 «Интерны»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.00Т/х «Ғашықтар» телехикаясы
06.40 «Той заказ»
07.10, 03.45 «ТОЙ БАЗАР»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14.15 «112»
14.30 «Qoslike»
18.30,02.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Ничто не случается дважды-2»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Ментовские войны»
00.40 «Неопалимая купина»
01.30 «П@утина»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Улы тамшылар»
08.30 Т/х «Ясминнің тағдыры»
19.10 Т/х«Сен мықтысың,тек алға!»
10.00 Новости
10.50 «Свои бывшие»
11.30, 00.00 «Морские дьяволы. Рубежи родины»
13.50,21.40 «Сильная слабая женщина»
15.50,01.50 «Акварели»
18.00 «Сен менің теңім емессің»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00,02.40«Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
03.25 Т/х «Әйел қырық шырақты»
04.00-04.40 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Әдебиет пен адамзат»
11.00 «Сыралғы» ИНДЕКС 14+
11.45 «Спорт»
12.00 «Шашу»
13.00 Т/х «Бәрі де анам-жайлы»
14.00 «Сағынышым - Сары дала 2019 » концерті
15.30 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.24 Ауарайы
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
19.20 «Ауырып ем іздегенше»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Тәуелсіздіктұлғалары»
20.30 Қорытындыжаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бәрі де анам жайлы» (9-10 серия)
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.50 «Армагеддон»
07.40 Информбюро
08.50 «Экстрасенсы-детективы»
09.50 «Иффет»
11.00, 00.40Т/х «Ананди»
12.30 «Тағдыр сыйы»
14.10 «Восьмидесятие»
16.30 «Тахі»
17.00 «Последние 24 часа»
18.00 «Добро пожаловать в рай»
20.00 Информбюро
21.00 «Дар небес»
22.20 «Виновен вне подозрений»
01.50«Кел татуласайлык»
03.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Айна online»
07.40, 14.00,02.15 «Q-елі»
08.00,21.00«Әкесінің баласы»
09.00 «Война семей»
09.40,17.00 Т/с «Домик на счастье»
10.50,19.00 Т/х «Нюхач»
13.00,04.00 «Бастық боламын»
15.00,03.00«Мезгілсіз сезім»
16.00Т/с «Мама-детектив»
18.00,00.00 Т/х «Осколки»
22.00 «Арам ақша.Адал махаббат »
01.10 Т/х «Анна-детектив»

Сәрсенбі - Среда, 23 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
06.25, 17.00, 20.00, 00.35 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN» .
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00 «Қызық екен...»
13.10, 21.30 «Замандастар»
14.00, 02.15 «Теледәрігер» . Тікелей эфир
15.00 «Жарқын жүдесу»
16.00 « Келбет»
16.40 «Қазақстан полициясы»
21.30, 00.20 Футбол. UEFA Euro -2020. «Доп Дода»
21.50 Футбол .UEFA Euro -2020 .УШвеция - Польша
00.00 «Көңіл толқыны»
00.50 Футбол .UEFA Euro -2020 . Португалия – Франция

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұраны
06.00 «Хабарline»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00,01.00 «Әсем әуен»
11.15 «Шашу»
13.15,23.30 Т/х «Көкжал-2»
15.00«Бүгін»
17.00 «Позывной «СТАЯ»
18.00 «Напролом»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Индустрия»
21.00 Итоги дня

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.05 «Күлдірген»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00, 14.15 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Ұлым»
12.30, 23.10 Т/х «Қайсар ханша»
14.00 «Айтарым бар»
15.30, 03.50 «Үздік әзілдер»
16.00 «Сүлеймен сұлтан»
17.00 «Аладдин»
18.00 Т/х «Мәриям»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
20.55 Loto 6/49 Прямой эфир
00.20 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Ғашықтар»
06.40,03.15 «Той заказ»
07.10,04.00 « Той базар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 Концерт
14.15 «112».. Тікелей эфир
14.30 «Qoslike». Тікелей эфир
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 Сериал «Ничто не случается дважды»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Ментовские войны»
00.40 «Неопалимая купина»
01.30 «П@утина»
02.50 «Ғашықтар»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Улы тамшылар»
08.30 «Ясминнің тағдыры»
09.10 «Сен мықтысың, тек алға!»
10.00 Новости
10.40 «Свои бывшие»»
11.40 «Морские дьяволы. Рубежи родины»
13.50, 21.40 «Сильная слабая женщина»
16.00, 01.45 «Акварели»
18.00 «Сен менің теңім емессің»»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 ,02.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
03.20 «Әйел қырық шырақты»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Сегодня»
11.00 «Дәрігеркеңесі»
11.45 «Спорт»
12.00 «Шашу»
13.00 Т/х «Бәрі де анам жайлы»
14.00 «Құдайберген Бекіш - Ақтілек » концерті
15.10 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 «Алматы облысы - 20 жыл (20 тұлға)
20.10 «Тұғырдағы тұлға»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Ауырып ем іздегенше»
21.10 Д/ф «Мәдени қазыналар»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бәрі де анам жайлы» (11-12 серия)
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын (каз.)
06.30 «Армагеддон»
07.20 Информбюро (повтор)
08.50, 17.00 «Последние 24 часа»
09.50 «Иффет»
11.00, 23.30 Сериал «Ананди»
12.30, 21.00 Сериал «Тағдырдың сыйы»
14.10 «Восьмидесятые»
16.30 «Такси»
17.00 «Последние 24 часа»
18.00 «Отец невесты»
20.00 Информбюро
21.00 «Дар небес»
22.20 «Виновен вне подозрений»
01.50«Кел татуласайлык»
03.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Айна online»
07.40, 14.00,02.15 «Q-елі»
08.00,21.00 «Әкесінің баласы»
09.00 «Война семей»
09.40,17.00 Т/с «Домик на счастье»
10.50,19.00 Т/х «Нюхач»
13.00,04.00 «Бастық боламын»
15.00,03.00«Мезгілсіз сезім»
16.00Т/с «Мама-детектив»
18.00,00.00 Т/х «Осколки»
21.00 «Сезім симптомдары»
22.00 «Арам ақша.Адал махаббат »
01.10 Т/х «Анна-детектив»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АШЫҚ ӘҢГІМЕ

ЖЫЛ БАСЫНАН 1035 ӨТІНІШ ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

– Ернар Әбсейітұлы, еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының бағыттары туралы айтып берсеңіз.

– Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру векторлары ҚР 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында көрініс табады, ол біздің мемлекетіміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны айқындайтын бағдарламалық құжаты болып табылады. Бірақ ол анықтаған негізгі бағыттар абсолютті емес екенін атап өткім келеді. Олар жекелеген іс-шаралардың орындалуына қарай сыбайлас жемқорлықтың құбылысын, оның себептерін, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының уәждемесін терең талдау нәтижелерін ескере отырып, тұрақты түзетіледі. Осы аспектіде еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асырудың негізгі бағыттарының бірі: сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру, қоғамдық бақылаудың рөлін күшейту, квазимемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік органдар қызметінде ашықтықты, транспаренттілікті және есептілікті қамтамасыз ету болып табылады. Сондай-ақ, бюджеттік және квазимемлекеттік ұйымдарды өткізілетін Мемлекеттік сатып алуда сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру және парасаттылық қағидаттарын нығайту бойынша жұмыс тәсілдерін өзгерту арқылы жазалаушы шаралардан осы құбылыстың алдын алуға баса назар аудару.

– Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте қандай нәтижелерге қол жеткізді?

– Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың іске асырылуын халықаралық тәуелсіз ұйымдар бағалайды. Солардың бірі Transparency International жаһандық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалыс болып табылады, ол жыл сайын 180 мемлекеттің сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексін жариялайды, бұл елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудағы артықшылықтары мен кемшіліктерін атап көрсетеді. Аталған индекс талдаушылар мен кәсіпкерлердің сыбайлас жемқорлықты қабылдау деңгейін 100 балдық шкала бойынша көрсетеді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан 38 балл жинап, 94-орынды иеленді, ал 2019 жылы еліміз 34 ұпаймен 113-орында болған еді. Бұл көрсеткіш елімізде жүргізіліп жатқан саясаттың оң бағасын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қабылданып жатқан кешенді шараларын көрсетеді. Біз тарихи шыңға жетіп, елеулі серпіліс жасадық. Transparency International ешқашан біздің елімізді соншалықты жоғары бағалаған емес. Қазіргі серпілістің арқасында біз бес жылға жоспарланған көрсеткішке қол жеткіздік.

– Біздің облыста сыбайлас жемқорлық бойынша жағдай қалай?

– Департамент жүйелі негізде сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу бойынша кешенді жұмыс жүргізеді. Жыл басынан бері 246 қылмыс тіркелген. Ауыр құрам және аса ауыр құрам бойынша 176 қылмыс тіркелді. Тіркелген сыбайлас жемқорлық қылмыстарының саны 60% немесе 63 қылмыстық іс болып табылады. Есептік кезеңде қылмыстық жауапкершілікке 129 адам тартылды, оның ішінде 14-і бірінші басшы. Сонымен қатар, жыл басынан бері «жүйелі» сыбайлас жемқорлықтың 4 фактісі анықталды. Кешенді іс-шараларды іске асыру нәтижесінде 10 адам әшкереленді. Мемлекеттік бағдарламалар аясында 15 қылмыс тіркеліп, 17 адам жауапкершілікке тартылды.

– Ал облыста ең жемқор мемлекеттік органдар үштігіне кіретіндер қайсылар?

– Өткен жылы Transparency Kazakhstan Қоғамдық Қоры «Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықтың жай-күйіне мониторинг» зерттеуін жүргізді. Зерттеу аясында Алматы облысында 18-ден астам мемлекеттік ұйымдарда мәселелерді бейресми шешу мәдениетінің айтарлықтай дамығандығы атап өтілді. Біздің облыста анти-көшбасшылар салық департаменті мен өртке қарсы қызмет болды. Бизнес-қоғамдастықтың пікірінше, мәселелерді бейресми түрде шешу салық бойынша жылдық есепті/есептерді тапсыру, жер мәселесін шешу/жер учаскесін алу кезінде көптеп орын алған.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ БАТЫЛ ЖӘНЕ ЫМЫРАСЫЗ КҮРЕС БАҒЫТЫ РЕСПУБЛИКАНЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ МӘНІНІ ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ. БҮГІНДЕ ЕЛІМІЗДІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮШТЕРІМЕН АШЫҚТЫҚ, ТРАНСПАРЕНТТІЛІК ЖӘНЕ ҚОҒАМ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕПТІЛІК ҚАҒИДАТТАРЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ОСЫ ЖАҒЫМСЫЗ ҚҰБЫЛЫСҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ ҚОЛДАНЫЛУДА. БҰЛ ТУРАЛЫ ӨЗ СӨХБАТЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС – ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІНІҢ (СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ) АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТ БАСШЫСЫ ЕРНАР МАҚАЖАНОВ АЙТЫП ӨТТІ.

– Азаматтар Агенттікке қаншалықты жиі жүгінеді және неге шағымданады?

– Департамент жыл басыннан бері 1035 өтініш қарастырды. Оның 913 Жеке және 122 жеке тұлғалардан келіп түсті. Ал өткен жылдың статистикасына сүйенсек, облыста Жеке және заңды тұлғалардың 2688 өтінішін қарады. Жалпы, ел бойынша Агенттіктің орталық аппаратына 30 302 өтініш келіп түсті, егер өткен жылдың көрсеткіштерімен салыстырсақ, өтініштер саны 12% - ға өсті, осылайша көрсеткіштер жыл сайынғы өсу серпінін көрсетеді. Мысалы, өтініштердің басым көпшілігі жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларына қатысты сыбайлас жемқорлық әрекеттерімен, түрлі салаларда қабылданған шешімдермен келіспеумен байланысты проблемалық аспектілерді ашады. Жетекші орындарды жер қатынастары саласы, білім беру саласы, мемлекеттік кірістер органдары, прокуратура органдары, сот органдары, Ішкі істер органдары, әділет органдары, банк ұйымдары алады.

– Жалғастырыңызшы: «Сыбайлас жемқорлық – бұл…»

– Сыбайлас жемқорлық бұл пара беру және алу ғана емес, сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік (қызметтік) билікті өзінің жеке мүддесі үшін теріс пайдалану. Басқаша айтқанда, бұл жеке тұлғаның пайда табу мақсатында мемлекет пен қоғамның заңды мүдделеріне қайшы келетін өзінің лауазымдық жағдайын заңсыз пайдалануы. Мемлекет пен қоғамның қызметіндегі сыбайлас жемқорлық билікке, мемлекет пен қоғамға зиян келтіре бастайды. Сыбайлас жемқорлық билікті және онымен байланысты мүмкіндіктерді бүкіл қоғамның мүддесі үшін емес, жеке тұлғалардың немесе белгілі бір адамдар тобының мүддесі үшін пайдалануды білдіреді, бір сөзбен айтқанда, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік билікті жеке мүдделер үшін заңсыз пайдалануды білдіреді.

– Сыбайлас жемқорлықтың қай түрін ең қауіпті деп санайсыз?

– Бүгінгі күні тұрмыстық сыбайлас жемқорлық ең көп таралған және ең қауіпті болып табылады. Себебі ол басқа да жағымсыз әлеуметтік құбылыстардың дамуына ықпал етеді. Мысалы, көлеңкелі, яғни заңсыз экономика орын алуы мүмкін. Сонымен қатар, тұрмыстық сыбайлас жемқорлық «күнделікті тетікке» өзгеріп күн сайынғы іс-әрекеттерді қара бизнеске айналдырады. Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық өмірлік маңызды салаларын қамтиды: денсаулық сақтау, білім беру саласы, т.б. Мұндай құбылыстар біздің өмірімізге қаншалықты терең және кең енсе, соғұрлым олар қоғамның моральдық негіздеріне нұқсан келтіреді. Ең қорқыныштысы, кез-келген мәселені бейресми түрде шешу әдеті бүкіл қоғамның моральдық тозуына әкеледі.

– Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында қандай олқылықтар бар деп ойлайсыз?

– Сірә, олқылықтар жоқ шығар. Соңғы екі жылда қазақстандық сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамада бірқатар елеулі өзгерістер мен жаңалықтар орын алды. Осы аспектіде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет бірқатар заңнамалық новеллалардың бастамашысы болды. Осылайша, 2019 жылдан бастап қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлығы үшін бірінші басшылардың отставкаға кету институты енгізілді. Өткен жылдан бастап ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін сотталған адамдарға шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдануға тыйым салынды. Қауіпсіздігі барынша төмен колония-қоныстар деп аталатын қылмыстық-атқару мекемелерінде сыбайлас жемқорлық үшін сотталғандар үшін жазаны өтеу мүмкіндігі алып тасталды. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьяларға сыбайлас жемқорлық үшін жаза күшейтілді. Мемлекеттік қызметшілерге, Парламент депутаттарына, судьяларға шетелдік банктерде шоттар ашуға және иеленуге тыйым салынды, пара берушілер мен делдалдардың парақорлыққа жауапкершілігі күшейтілді, мемлекеттік қызметшілерге сыйлықтар беруге тыйым салынды, комплаенс-офицерлер институттары енгізілді. Осы заңнамалық нормаларды қабылдау Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға елеулі үлес болып табылады және осы аспектіде заң шегінен шығып кеткендерге кешенді түрде жақындауға мүмкіндік береді.

– Сіздің ойыңызша, Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту жұмысы қандай болуы тиіс (сыбайлас жемқорлық туралы кім, кімге және не айту керек)?

– Бүгінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асырудың маңызды бағыты болып табылады. Бұл аспектіде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің айрықша құзыреті ретінде ғана қарауға болмайды, бұл жұмысқа барлық мемлекеттік органдар, сондай-ақ азаматтық қоғам тартылуы тиіс. Өйткені, бүгінде азаматтардың белсенді қатысуынсыз сыбайлас жемқорлықты барынша азайту, жою мүмкін емес. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағартушылықта тек белгілі бір адамдар тобымен шектелуге болмайды. Мұнда белсенді азаматтар, студенттер, БАҚ өкілдері, мәдениет қайраткерлері, блогерлер, оқытушылар тартылуы тиіс кешенді жұмыс жүргізілуі тиіс. Сонда олардың әрқайсысы өз саласында осы құбылыстың зияны туралы айтып, оны болдырмау үшін өз үлестерін қосатын болады.

– Ернар Әбсейітұлы, қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қалай тартуға болады?

– Алдымен жұртшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға қатысуы қоғамдық бастамалардан шығатынын бірден атап өту қажет. Сондықтан, бұл жерде санға емес, сапаға көңіл аудару қажет. Бұл үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жанында арнайы мониторингтік топтар, ақпараттық-ағартушылық штабтар, «Адалдық алаңы» жобалық кеңселері жұмыс істейді, оларға белсенді азаматтар, тәжірибелі заңгерлер, адвокаттар, журналистер, оқытушылар қатысады. Өйткені, қоғам өз салаларындағы, бағыттарындағы барлық ауыр мәселелер мен жағдайларды біледі. Сондықтан бүгінгі таңда бұл алаңдар жаңа идеялар мен ұсыныстардың катализаторы, пікірталас алаңы ретінде қызмет етеді. Осыған орай, белсенді азаматтық ұстанымы мен парасатты ниеті бар кез келген азамат осы қатарға қосылып, өз үлесін қоса алады.

– Алдағы уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің жұмысы қандай мақсатқа бағытталған?

– Алдағы уақытта біздің жұмысымыз жұртшылық өкілдерімен ауқымды жұмыстарды ұйымдастыру бойынша белсенді өзара іс-қимыл жасау арқылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталатын болады. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа неғұрлым бейім салаларда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша жүйелі талдамалық жұмыс жүргізу жалғасатын болады. Бұдан басқа, бюджеттік және әлеуметтік жобаларды одан әрі жедел сүйемелдеу, оның ішінде коронавируспен күреске бөлінген бюджет қаражатын игеру қамтамасыз етіледі.

– **Сұхбат бергеніңізге рахмет.**

А. МҰХАМАДИ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

«Денсаулық майданында балаларым,
Әрдайым орындаңдар ел тілегін»
Жамбыл ЖАБАЕВ

Жыл сайын маусымның үшінші жексенбісі елімізде медицина қызметкерлерінің мерекесі болып есептеледі. Бұл – әр минут сайын адам өмірін құтқаруға бар күш-жігерін салатын әрі өмір мен өлім үстіндегі адам жанын ажалдан арашалап, дертіне дауа тауып, әрқашан көмек қолын созуға дайын ақ халатты абзал жандардың кәсіби төл мейрамы. Кез келген науқастың қажетті ем алып, аяқтан тұруын басты назарда ұстайтын бұл мамандық иелерінің еңбектері ерен. Мерекелеріңіз құтты болсын, бүгінгі күннің батырлары!

КЕЛБЕТ

ЖАҚСЫ КІСІ

Ел оны жақсы дәрігер, жақсы басшы десе, мен жақсы кісі дер едім. Қазіргі алмағайып заманда жақсы кісілер қарасын көп кезіктіре бермейтіндіктен, арамызда осындай жандардың барына риясыз қуанасың.

Шын мәнісінде, мені оның «алтын қолды» дәрігерлігінен бұрын кісілігі мен кішілігі тәнті етті. Сондықтан да болар жақсы кісіні бұрыннан жақсы танитындай күйде жүресің үнемі. Ал, жақсы кісі туралы жақсы сөз жазудың өзі бір жағымды әсер қалдырады ғой. Сол жақсы сөз – миының қатпар-қатпарына дейін медицина ұғымдары ұялаған жанның төл мерекесі тұсында айтылса нұр үстіне нұр емес пе?!

Мақаламызға арқау болған жақсы кісі – Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханасына алғаш 2006 жылдың 15 тамызында табан тіреді. Алматыдағы С. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университетінің емдеу факультетін бітіріп, жолдамамен келген жас маманды сол кездегі аурухананың бас дәрігері болған Маралбек Біліспекұлы қызметке алады. Интернатураны хирургия бөлімі бойынша тәмамдағанымен орын болмай, білікті маман Мандат Есенғараұлымен ақылдаса келе травматология бөліміне орнығады. Өзі жақсы адамға мың кісілік орын бар деген осындайда айтылса керек-ті. Сөйтіп, жақсы кісі кездескен кедергі қиындықтарға қарамастан травматология бөлімінен өз орнын табады. Оның өзі айтқанындай, 2007 жылы жарақат бойынша біріншілік мамандандыру курсынан өтіп, сол уақыттан бастап травматологияға деген қызығушылығы оянады. Науқасқа ота жасай отырып, аяғынан тік тұрғызу, әрі алғысын алудан артық бақыт жоқ екенін де осы мамандықтың қыр-сырына үңілу арқылы сезінген. Алайда бұл кезеңде травматология бөлімінде жаңа технологиялар енбеген еді. Десе де 2010 жылы облыстық денсаулық сақтау басқармасының сол кездегі басшысы болған Маралбек Мейірбеков, аурухананың бас дәрігері Тұрлыбек Жоламанұлы және бас травматолог ретінде өзі бастап халықаралық ғылыми конференция ұйымдастырады. Бұл жиынға әлемнің 25 мемлекетінен 250-ден аса травматолог келіпті. Жақсы кісінің сөзінше, мұндай конференцияны ұйымдастырудың басты себебі өңірдегі травматологиялық қызметті республикалық көлемде ғана емес, халықаралық деңгейде таныту, жетістіктерді көрсету және тәжірибе алмасу болатын. Жаңа технологиялық операцяларды жасауда жарақат бөлімі ел бойынша бірінші орынға шыққанын мақтанышпен айтты ол. Осылайша, травматология бөліміне қарқынды түрде жаңа емдеу технологиялары енгізілген. Елімізде жанбас сүйектеріне ота жасайтын үш клиника болса, соның бірі осы облыстық аурухананың травматология бөлімі болып табылатындығын бірі білсе, бірі білмес сірә. Қазірге дейін травматология бөлімінде жоғары сапалы технологиялар бойынша түрлі операциялар жасалуда. Сонымен қатар, ғылыми-институттың деңгейінде жасалатын жоғары технологиялық 60-тан астам ота түрлері де осы бөлімде жасалып жүр. Бұрын отадан кейін бірнеше уақыт балдақпен, гипспен жүретін болса, қазір жаңа операциялардан кейін екінші күні-ақ науқас аяғына тұрып жүріп кетеді.

Анарбек МОНГОЛХАНҰЛЫ

Облыстық аурухана өңірдегі емдеу мекемелері арасындағы қарашаңырақ болып табылады. Осы мекемеде алғаш еңбек жолын бастаған жақсы кісі 2010 -2011 жылдар аралығында «Облыстық аурухана» МКК директорының емдеу ісі жөніндегі орынбасары болып та қызмет етті. Басшылық қызметте жүрсе де бір сәт өзінің кәсіби ісінен қол үзіп қалмады. 2011-2016 жылдар аралығында жарақаттанушы науқастардың жиілуіне орай травматология бөлімінің бөлім меңгерушісі ретінде ауыстырылды. Осылайша, медицинаға деген адалдығы мен еңбекқорлығы оның одан әрі өсіп, қанат қағуына жол ашты. 2018 жылы С. Асфендияров атындағы Ұлттық Медициналық университетінің «Экономика және бизнес» мамандығы бойынша магистратурасын бітірді. Білімін жетілдіре жүріп Талдықорған қаласының көпсалалы ауруханасының политравма және қалпына келтіру ортохирургия бөлімінің бөлім меңгерушісі ретінде қызмет атқарды. Мұнан кейінгі жылдарда Алматы қаласындағы ШЖҚ «№4 Қалалық клиникалық аурухана» МКК бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары болып еңбек етті.

Қысқасы, медицина баспалдағын аттаған жылдардан күні бүгінге дейін ол гиппократ антына адал қызмет атқарып келеді. Қандай істе де өзінің кісілігі мен кішілігін жоғалтпады. Алакөлден түлеп ұшқан жақсы кісінің біліктілігін елеген өңір басшылығы оны өзі еңбек еткен мекемеге директор етіп тағайындады. Бір ғасырлық тарихы бар облыстық ауруханаға басшылық ету, ұжымды айрандай ұйыту да оңай шаруа емес. Десе де, ақырын жүріп, анық басуды өміріне негіз еткен жақсы адамның ісі жақсылыққа толы боларына сенеміз. Себебі, ол шынымен де жақсы кісі.

Сөзімді Жұматай (О) ақынның өлеңімен түйіндеуді жөн көрдім.

Сендер аман болыңдар, жақсы
адамдар,
Сендер жайлы шырқалар асқақ
ән бар,
Күйіп кетсін көре алмас
пәтшағарлар.
Сендер аман болыңдар жақсы
адамдар,
Қарап өссін сендерге басқа жандар.

ПОЭЗИЯ

БОЛАШАҚ ДӘРІГЕРГЕ

Тоқта-тоқта, ей, жігіт, аялдағын.
Қане, қалай жағдайың,
баяндағын.
...Тәжірибе мектебін өтіп жүрсең,
Дәрігерлік кәсіпке таянғаның.
Таянғаның, қарағым, таянғаның,
Адам үшін барыңды аянбағын.
Адам тұрар алдында, ұмыт
болар,
Өліктер мен сойылған қояндарың.
Енді алдында тұрады тірі
жандар,
Бірі сүйіп, кім білсін, бірі қарғар...
Қимылдамай кірпігі жатса-дағы,
Байқағайсың, шықпаған тірі
жан бар!
Кәсібіңнен кетпегей жеріп мүлде,
(Ақыл айтып кеттім-ау
желіктім бе?)
Өлгендерді тірілтем деп ойлаған,
Денесінен жан ізде өліктің де.
Жолың болсын, бара ғой,
айналайын,
Айналайын, қорғаушым,
қарғадайым!
Кәсібіңе мен сенің басымды ием,
Басымды ием, несіне
арланайын…

Мұқағали МАҚАТАЕВ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БІЗДІҢ СҮЙІКТІ ДӘРІГЕР

ҒАЖАЙЫП ЖАН

Бұл адамды таныған бірас жылдың жүзі болды. Содан бері оның есімін де ел аузынан жиі естиітін болдым. Көп ішінде елеулі орны бар аяулы жан деуге болады. Оның көмегін көрмегендер аз-ау! Инсульт, қан қысымы, неврологиялық кселдер, жүрек, жан дертіне шалдыққандардың қарасы оның емінен кейін сырқатынан айығып, жазылып жатады. Есімін елі сүйініп айтатын дәрігер бұл мамандықты жан қалауымен таңдап, бүгінге дейін ақ халатын кірлетпей, ел денсаулығы жолында аянбай тер төгіп келеді.

Сарқаннан ұшқан салиқалы жан туралы сөз қозғай қалсаңыз оны аңыз адамға теңейтіндердің қарасы көп екенін аңғарасың. Ал осындай болуына жанкешті еңбегі, өмірден жиған мол тәжірибесі, мамандығына деген ерекше сүйіспеншілігі – себеп. Адам жанын сөзбен де емдей алатын білікті маманның жүріп өткен жолы – көпке үлгі. Медицина мерекесі қарсаңында ақ параққа ақ халатты абзал дәрігер туралы дәріптеп жазудың реті келгендей.

Басқа-басқа, медицинада осындай мықты маманның болуы қуантады. Ол жай дәрігер ғана емес, ғалым да. Невропатолог дәрігер 2004 жылы Ресейде мамандығы бойынша кандидаттық қорғап, медицина ғылымының кандидаты атағын алды. Оның өзі айтқанындай-ақ, арман адамды қанатты құсқа айналдырып, жігерін жаншып, алға жетелеп, мақсатқа талпындырады. Сарқанның тумасы бала арманын жүзеге асыру жолында Семей қаласындағы медициналық институтқа түседі. Аталмыш оқу орнын қызыл дипломға тәмамдап, ординатурада оқиды. Мұны да ойдағыдай бітіргенде оқытушылары мен басшылық тарапы оған институтта қалуға ұсыныс жасайды. Бірақ, бала кезінен адам жанының арашашысы боламын деген ол ғылым жолынан бас тартып, еңбекті практикадан бастауды жөн көреді. Осылайша, Алматы облысына жолдама алып, туған жерге бет түзейді.

Содан бері аттай зулап қаншама жыл өтті. Бала кезіндегі ақ халат кигенді ғажайып адамға балаған оның өзі де бүгін сондай ғажайып жанға айналды.

Бар өмірін медицина саласына арнаған жан бұл саладағы түйгендерінен өзінше тұжырым жасауды әдетке айналдырған. Сол тұжырымның бірі ретінде қазақ ұлтына тән кемшілікті тілге тиек етеді. Оның сөзінше, қазақ денсаулығын сақтауға ешқашан көп мән бере бермейді. Сырқатына төзіп, жүре береді. Әбден асқынғанда ғана дәрігерге жүгінеді. Асқынған дерттің бетін қайтару өте қиын деген білікті дәрігер елімізде орын алған бүгінгі пандемия кезінде де халықтың денсаулыққа аса мән бермей, тойтойлап жүргені жөн іс еместігін айтады. Сондай-ақ, коронавирусты жеңудің жалғыз жолы – жаппай вакцина салу екенін де еске салды.

Салтанат МЫҚТЫБАЕВА

Тәуелсіз мемлекеттің басты байлығы ұлттың саулығы болса, дәрігерлер сол ұлы мақсат үшін күресіп келеді. Неврапотологтың пайымы: адам дені сау болғанда ғана бақытты.

Көп балалы отбасынан шыққан ғажайып жан үйдің тұңғышы. Бала кезінен Жібек әжесі бауырына басып, аялап өсірді. Немересінің бойына адалдық деген құрметті сезімді дарытты. Ал, әкесі Жексенбек пен анасы Жанаттың тәрбиесі терең білімге ұмтылуға, кітапқа деген құштарлығын оятты. Осындай абзал жандардың арқасында өзінің феноменін қалыптастырды.

Дәрігерлік жолында талай қиын сүрлеуден өткен жан облыстың қай елді мекенінен шақыру келсе де жол азабына шыдап, қол ұшын беруге әзірлігін білдіріп, құстай ұша жөнеледі. Күн-түн демей өз мамандығының қиындығына төзе білудің арқасында білімін де жетілдіріп, шеберлігін шыңдауды да бір сәт естен шығарған емес. Облыстық инсульт орталығының меңгерушісі болып еңбек етіп келетін ғажайып жан дәрігердің борышы халықты сырқаттан айықтырып, ұлт саулығын сақтау екенін тағы еске салды.

Шипагерлік ісін уақытпен санаспай, ой мен қырға шапқылап, жанкештілікпен атқарып, мамандығына адалдық танытқан, елдің сүйіспеншілігіне бөленген ғажайып жанға алдағы өміріңіз де ғажайыпқа толы болсын дейміз. Мерекеңіз құтты болсын!

Тәмсіл

ВЕНАЛЫҚ ӘЙГІЛІ ХИРУРГТАРДЫҢ БІРІ СТУДЕНТТЕРГЕ ХИРУРГТЫҢ ӨНЕ БОЙЫНАН ТАБЫЛУЫ ТИІС ЕКІ ҚАСИЕТКЕ ТОҚТАЛЫП ЖАТТЫ: ОЛ ЖИІРКЕНШЕК БОЛМАУЫ ТИІС ЖӘНЕ БАЙҚАҒЫШТЫҚ.

ХИРУРГТЫҢ ЕМТИХАНЫ

Сөзін аяқтаған бойда, ол саусағын сасыған, күлімсі иіс шығып тұрған жүрек айнытарлық сұйықтықтың ішіне сұқты, сосын одан шығарып, ауыз қуысына апарып тақады да, сол жерден тазалап шығарды. Сосын ол әрбір студенттен осы көргендерін жасауға өтініш білдірді. Студенттер еш тайсалмастан, өздерінен өтінгенді жасады да.

Хирург күле қарады да, былай деді:

– Мырзалар мен ханымдар, сіздер бірінші емтиханнан өттіңіздер. Алайда, өкінішке орай, екінші емтиханнан сүріндіңіздер, әлде сіздер мен сорған саусақтың сұйықтыққа сұғылған саусақ емес екенін аңғармай қалдыңыздар.

МАМАНДЫҒЫ-МАҚТАНЫШЫ

ДӘРІГЕРЛЕР ӘУЛЕТІ - ЛИГУЗОВТАР

Династия – бұл мамандықтың түрі емес, династия – бұл әулеттің имиджі, оның атағы мен даңқы. Династия – бұл ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан белгілі бір мамандық иелерінің кәсіби шеберлігі десек те болғандай. Мақаламызға арқау еткен әкелі-балалы Лигузовтар дәрігерлік мамандықтың қыры мен сырын терең меңгерген отбасы.

Олар Талдықорған қаласының облыстық ауруханасында дәрігер-патологоанатом болып қызмет етеді. Екеуінің еңбек өтілін бірге есептесек сексен жылға жуық уақыт екен. Яғни, олар медицинаға осынашама жылын арнапты. Дәрігерлер әулетін тек отбасылық байланыстар ғана емес, сонымен қатар адамдарға көмектесуге деген үлкен ұмтылыс байланыстырады.

Петр Лигузовтың сөзінше әкесі – Александр кезінде фельдшер болып еңбек еткен. Енді міне, әке жолын жалғастырып өзі де медицинадағы гистопатология мен патоморфологияға жарты ғасырдан астам уақытын арнап келеді. Оның жалпы еңбек өтілі алпыс жылды құрайды. Жоғары кәсіби дәрігер өзінің әріптестері арасында үлкен беделге ие. Қызметтік жылдарында ол жаңадан бастаған патологоанатомнан жоғары санатты дәрігерге дейін өсті.

«Клиникалық диагностикалық зертханада жұмыс істеу терең білімді қажет етеді. Көп жылдық тәжірибеме қарамастан әлі күнге дейін үйренуді, оқуды жалғастырып, еңбекұжымының өміріне белсене аралासамын. Қазіргі кезде әріптестеріммен бірге коронавирустық инфекцияның әлемдік пандемиясымен күресудеміз. Еңбек өткен жылдар ішінде Мәскеу, Киев, Харьков, Астана, Алматы қалаларында біліктілікті арттыруға арналған әртүрлі курстардан өттім» – деген Петр Александрұлы облыстық аурухананың клиникалық диагностикалық зертханасында жұмыс істей отырып, патологиялық диагностика, гистологиялық зерттеулер, сонымен қатар операциялық биопсия материалдарын зерттеу саласындағы жетекші мамандардың бірі болып табылатынын да тілге тиек етті.

Ұлы Дмитрий Лигузов та атасы мен әкесінің ізін жалғастырып медицинаға бет бұрды. Ол 2017 жылдан бастап Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханасында патологоанатом-дәрігері болып жұмыс істейді.

«Мектеп бітіргеннен кейін қандай мамандықты таңдарымды білмедім. Содан әкем жетектеп Семей қаласындағы медициналық институтқа алып келді. Емтихан тапсырып, еш қиындықсыз оқу орнына түстім. Жиырма екі жылымды әскери медицинада қызмет етуге арнадым» деп ағынан жарылған Дмитрий Петрұлы әскери дәрігерлік еңбек жолын ҚР ҚК ӘҚК авиация мамандарын даярлау жөніндегі оқу орталығының медициналық орталығының бастығы ретінде бастағанын айтты. Сондай-ақ, 2001 жылдан ҚР Қорғаныс министрлігі Орталық сот сараптамасы зертханасының криминалистика бөлімін, ҚР ҚК бас патологоанатомы болды, медициналық зерттеулер бөлімінің бастығы, 2017 жылы әскери мансабының соңына дейін ҚР Қорғаныс министрлігі Әскери медицина орталығының білікті дәрігері ретінде жұмыс атқарған. Медицина полковнигі шенін алған соң лайықты демалысқа шықты.

Бүгінде диагностикалық бөлімде әкесі Петр Александрұлымен бірге жұмыс істейді. Ашық мінезді, коммуникативті, тәжірибесі мол дәрігер әріптестері арасында беделге ие.

«*Патологоанатом мамандығы – жауапкершілік және жоғары біліктілік талаптарын қажет етеді. Кейде дәрігердің зейінділігі мен білімі қауіпті ауруды уақытында анықтауға мүмкіндік береді, мысалы, онкология немесе қауіпті инфекция*», – дейді жоғары санатты дәрігер Петр Александрұлы Лигузов.

Әкелі-балалы Лигузовтар тек әріптестер ғана емес, керемет достар да. Дмитрий Петрұлы үшін – әкесінің алар орны ерекше. Ол оны үлкен еңбекқорлығы, білімі, жоғары кәсібилігі үшін бағалайды.

Отбасында олар әзілдегенді жақсы көреді. Сүйікті істері – бірге көкөніс бағын отырғызу, бақшаға күтім жасау, жидектер өсіру.

Медицина қызметкерлерінің әулетін немересі Сергей жалғастыруда. Ол Новосибирск мемлекеттік университетінің стоматология факультетінің студенті. Петр Александрұлы немересімен ерекше мақтанады және одан керемет дәрігер шығатынына сенеді. Біздіңше де, Лигузовтар отбасында басқалай болуы мүмкін емес. Төл мерекеліріңіз құтты болсын, құрметті дәрігерлер әулеті!

Беттерді дайындаған: Сарби ӘЙТЕНОВА

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АКТУАЛЬНО

ПОЛЕЗНЫ ЛИ АУДИОКНИГИ ДЛЯ ДЕТЕЙ?

Проблема нечитающих детей волнует родителей уже не один десяток лет. Даже малыши быстро обрастают гаджетами и перестают интересоваться книгами, но может все дело в том, что они еще не почувствовали вкус к хорошей литературе?

Родители с консервативным мышлением утверждают, что бумажные книги гораздо лучше их аудиоаналогов. Свои предпочтения они аргументируют тем, что, читая глазами, ребенок запоминает написание слов, у него с книгой образуется зрительный контакт.

Бумажная книга предполагает совместное чтение с родителем, что является важным элементом воспитания, и что чтение с листа дает особые ощущения, которые не способно дать прослушивание. Но у аудиокниг множество преимуществ. Они прекрасный инструмент при обучении, потому что развивают способности, не затрагиваемые чтением глазами.

Аудиокниги помогут тем родителям, для которых чтение не является любимым занятием. К тому же маленьким детям книги традиционно читает перед сном. Аудиотексты начитывают профессиональные чтецы, обладающие поставленным голосом. Для детских книг выбираются чтецы с мягким и спокойным тембром. Обычно в роли чтецов выступают актеры, которые рассказывают с выражением, используя все возможности своего голоса. Родители же при всем желании не владеют своим голосом настолько артистично. А еще сказывается усталость и раздражение после напряженного рабочего дня и бытовых проблем. А ведь дети очень хорошо воспринимают именно эмоциональный рассказ, поэтому сказка, передаваемая с воодушевлением, будет им гораздо интереснее. Многие родители покупают музыкальные и говорящие игрушки, потому что понимают важность восприятия звуков. А аудиокниги, кроме этого, еще и развивают мышление.

К тому же аудиозапись содержит в себе дополнительные звуки сообразно сюжету, продуманное музыкальное сопровождение. Воображение ребенка подхватит волнующие его звуки, поможет нарисовать красочную картину и образы героев. Таким образом, раскроется его творческий потенциал и расширится простор для фантазии. Немаловажно, что чтецы правильно и четко выговаривают слова. Ребенок не только обучается новым словам, но и запоминает правильное их произношение.

Хорошо составленная аудиокнига включает в себя музыкальное сопровождение и звуковые эффекты, соответствующие сюжетной линии рассказа. Это привлечет внимание ребенка и поможет им представить историю и образы лучше, обогащая таким образом свое творческое мышление. Они услышат слова, произносимые правильно, и их словарный запас начнет стремительно увеличиваться. Обычно родители не обращают должного внимания на аудиокниги, но они не понимают, что большинство популярных детских игрушек разговаривают и играют музыку точно так же, как эти книги воспроизводят звук; а ведь родители до сих пор продолжают покупать эти игрушки.

После того, как дети достигнут того возраста, когда они не будут слушать аудиокниги, они придут к мысли, что сами могут прочитать другие рассказы тех же самых авторов, если они заинтересованы в этом. Дети, которые смотрят кино или телепередачи, скорее всего, будет покупать книги с их любимыми героями. Аудиокниги действуют подобным образом. Дети захотят продолжить получать удовольствие от своих любимых героев и авторов. Во всяком случае, аудиокниги для детей помогут освоению чтения.Необходимо развивать способности слухового восприятия у детей в раннем возрасте. Аудиокниги для детей снабдят их этим навыком. Дети понимают, что они должны быть внимательны, чтобы воспринять рассказ полностью, и это важный стимул для них, как только они начнут ходить в школу. Обучение слуховому восприятию в раннем возрасте посредством аудиокниг поможет повысить их внимательность для последующей жизни.

Прослушивание аудиокниги во время путешествия является отличной идеей. Аудиокниги намного полезнее, нежели фильмы, поставленные на просмотр, пока вы в дороге с ребенком. Это может стать семейной традицией. Книгу можно приостановить, и вся семья может смело обсудить последующий ход развития событий или то, что они думают относительно определенных действующих лиц. Это будет совершенствовать навыки общения ребенка и будет прекрасным обучающим пособием для ребенка. Книги также помогут сблизить всю семью

Однако, не стоит злоупотреблять прослушиванием книг через наушники, это может привести к ухудшению слуха. Оптимальный вариант — выводить звук на колонки, но тогда окружающим придется слушать аудиокнигу вместе с ребенком. При этом при умеренном использовании наушников никакого вреда от них нет, но если слишком часто пользоваться наушниками на большой громкости, визита к отоларингологу не миновать.

Некоторые родители ошибочно считают, что аудиокниги для детей способны компенсировать недостаток внимания со стороны родителей, отвлечь и занять ребенка. Конечно, работа отнимает много сил и времени, но неужели сложно выкроить полчаса в день и почитать ребенку вслух перед сном? Если ребенку придется выбирать между голосом диктора и голосом матери — можете быть уверены, он выберет мать.

Детские аудиокниги могут отбить охоту к чтению книг — привыкнув слушать, ребенок практически совсем перестанет читать. Умение воспринимать информацию на слух будет развито хорошо, а с визуальным восприятием могут возникнуть проблемы.Можно совместить прослушивание аудиокниги с чтением обычной книги. Так ребенок будет воспринимать информацию и на слух, и визуально. Особенно это полезно, если ребенок испытывает трудности с одним из видов восприятия информации — второй вид будет как бы «на подхвате».

К. ПФАЙФЕР.

НОВОСТИ

ДЕТИ СМОГУТ БЕСПЛАТНО ПОСЕЩАТЬ КРУЖКИ И СЕКЦИИ

Для внедрения новой системы по улучшению доступа спортивных секций и кружков для дополнительного образования в прошлом году был принят спецзакон, сообщает sputnik.kz

Министерство культуры и спорта Казахстана утвердило механизм внедрения бесплатного государственного творческого и спортивного заказов для детей и юношества.

После подписания закона, позволяющего казахстанским школьникам бесплатно посещать кружки и секции, Минкультуры создало межведомственную рабочую группу по вопросам разработки правовых актов.

Были разработаны 8 нормативно-правовых актов (в области культуры – 4, в области физической культуры и спорта – 4), которыми будет предусмотрен механизм внедрения бесплатного государственного творческого и спортивного заказов для детей и юношества.

"Внедрение механизма бесплатного государственного творческого и спортивного заказов для детей и юношества предусмотрено уже в этом году с первого мая", - сообщили в пресс-службе Минкультуры.

Реализация государственного творческого и спортивного заказов возложена на местные исполнительные органы, и в качестве операторов государственных заказов выступают управления культуры и спорта всех регионов республики. Услуги государственного творческого и спортивного заказов могут предоставлять любые ИП и юридические лица, независимо от форм собственности, готовые к качественной работе.

Бесплатно посещать кружки и секции смогут казахстанские дети в возрасте от 4 до 17 лет, интересы которых будут представлять их законные представители. "Принятые правила предполагают ваучерную систему, в соответствии с которой свободные места среди детей распределяются согласно их очередности путем выдачи именного ваучера с указанием выбранного ими поставщика услуг", - уточнили в ведомстве.

Как будут набирать группы детей

Комплектование контингента детей, а также иные сопутствующие функциональные операции поставщика, оператора и законного представителя ребенка, связанные с этими процессами, будут осуществляться также бесплатно. Отдельно предусмотрены определенные требования к функционированию творческих кружков и спортивных секций по оснащению помещений для проведения занятий.

Отбор поставщиков услуг государственного творческого и спортивного заказов, очередность детей на посещение творческих кружков и спортивных секций и иные функции и процедуры, связанные с оказанием услуг государственного творческого и спортивного заказов будут осуществляться в электронном формате посредством единой информационной системы. Это, по данным Минкультуры, позволит проводить процедуры прозрачно. Министерство культуры и спорта совместно с министерствами цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности, образования и науки Казахстана проводят работы по разработке информационной системы "Bala", которая автоматизирует процессы запуска подушевого финансирования детских кружков и спортивных секций.

СОБ.КОРР.

Бейсенбі - Четверг, 24 маусым

ҚАЗАҚСТАН

05.45, 03.40 Әнұран
05.50 Футбол .Америа кубогі -2021. Колумбия –Бразилия.
06.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
07.00 «TANSHOLPAN» .
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00, 17.20 «Қызық екен...»
06.25, 17.00, 20.00, 00.35 AQPARAT
11.00 «Сүйкімді София»
14.00, 02.15 «Теледәрігер» . Тікелей эфир
15.00 «Қымбат жандар»
16.00 «Ауылдастар»
16.35 «Тұлға»
20.35, 01.00 «Ashyq alan». Тікелей эфир
21.30 Замандастар
22.20 Т/х «Жат мекен»
23.50 «Сана»
02.15 «Теледәрігер»

ХАБАР

06.00 «Хабарline»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00,01.00 «Әсем әуен»
11.15 «Шашу»
13.15,23.30 Т/х «Құсайыновтар. Өмір жолы»
15.00«Бүгін»
17.00 «Позывной «СТАЯ»
18.00 «База клейтон»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Біздің назарда»
21.00 Итоги дня

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.05 «Күлдірген»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00, 14.15 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Ұлым»
12.30, 23.10 Т/х «Қайсар ханша»
14.00 «Айтарым бар»
15.30, 03.50 «Үздік әзілдер»
16.00 «Сүлеймен сұлтан»
17.00 «Аладдин»
18.00 Т/х «Мәриям»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
20.55 Loto 6/49 Прямой эфир
00.20 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Ғашықтар»
06.40,03.15 «Той заказ»
07.10,04.00 « Той базар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 Концерт
14.15 «112».. Тікелей эфир
14.30 «Qoslike». Тікелей эфир
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 Сериал «Ничто не случается дважды»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Ментовские войны»
00.40 «Неопалимая купина»
01.30 «П@утина»
02.50 «Ғашықтар»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Улы тамшылар»
08.30 «Ясминнің тағдыры»
09.10 «Сен мықтысың, тек алға!»
10.00 Новости
10.40 «Свои бывшие»»
11.40 «Морские дьяволы. Рубежи родины»
13.50, 21.40 «Сильная слабая женщина»
16.00, 01.45 «Акварели»
18.00 «Сен менің теңім емессің»»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 ,02.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
03.20 «Әйел қырық шырақты»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
09.55 Ауарайы, роликтер
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Бүгін»
11.00 «Сыралғы»
11.45 «Спорт»
12.00 «Шашу»
13.00 Т/х «Бәрі де анамжайлы»
14.00 К/ф « Сағындырғанәндер-ай 2017 HD » концерті
16.15 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Кеңауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздікжылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Дәрігеркеңесі» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздікжылнамасы»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Зейнепапаныңәңгімелері»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытындыжаңалықтар
21.00 «Ауырып ем іздегенше»
21.10 Д/ф «Мәдениқазыналар»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бәрі де анамжайлы» (13-14 серия)
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын (каз.)
06.30 «Армагеддон»
07.20 Информбюро (повтор)
08.50, 17.00 «Последние 24 часа»
09.50 «Иффет»
11.00, 23.30 Сериал «Ананди»
12.30, 21.00 Сериал «Тағдырдың сыйы»
14.10 «Восьмидесятые»
16.30 «Такси»
17.00 «Последние 24 часа»
18.00 «Тайное окно»
20.00 Информбюро
21.00 «Дар небес»
22.20 «Призрак»
01.50«Кел татуласайлык»
03.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Айна online»
07.40, 14.00,02.15 «Q-елі»
08.00,21.00«Әкесінің баласы»
09.00 «Война семей»
09.40,17.00 Т/с «Домик на счастье»
10.50,19.00 Т/х «Нюхач»
13.00,04.00 «Бастық боламын»
15.00,03.00«Мезгілсіз сезім»
16.00Т/с «Мама-детектив»
18.00,00.00 Т/х «Осколки»
21.00 «Сезім симптомдары»
22.00 «Арам ақша.Адал махаббат »
01.10 Т/х «Анна-детектив»

Жұма - Пятница, 25 маусым

ҚАЗАҚСТАН

05.50 Футбол.
08.00 «Tansholpan»
10.00, 18.00 Т/х «Асау Толқын»
12.00, 17.20 «Қызық екен...»
13.00, 17.00, 20.00, 00.25 Aqparat
13.10, 21.30 Т/х «Замандастар»
14.00 «Теледәрігер»
15.00 «Әлем айнасы»
15.20 «Заң және біз»
15.50, 03.10 Т/х «Аулдастар»
16.25 «Егіз лебіз»
20.35. 01.00 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.50 «Parasat maidany»
01.50 «Теледәрігер»
02.40 «Заң және біз»

ХАБАР

06.00 «ХабарLine»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Әсем әуен»
10.15, 21.30 «Қолда я жолда»
12.15 Т/х «Шашу»
13.15, 23.30 Т/х «Құсайыновтар. Өмір жолы»
15.00 «Бүгін»
16.00 «Позывной. Стая»
18.00 «Часовой механизм»
20.00 Қорытынды жаналықтар
20.30 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
01.00 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00 Т/х «Ұрланған Тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.20, 21.00 Т/х «Ұлым»
12.20, 23.10 Т/х «Қайсар Ханша»
14.00 «30 лет Независимости»
14.05 «Өмір – дастан»
14.30, 03.25 «Үздік әзілдер»
15.30 Т/х «Сүлеймен Сұлтан»
17.00 Т/х «Аладдин»
18.00 Т/х «Мәриям»
20.00, 01.30 «Астана таймс»
20.55 Loto 5/36
00.20 «Қош келдіңіз»
02.20 Д/ф «Біреудің есебінен»
03.05 «KazNet»
03.50 «Интерны»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Ғашықтар»
06.40 «Той заказ»
07.10, 03.50 «Той базар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово!»
12.00 «Звезды кино. Они сражались за Родину»
13.00 «Жди меня» Казахстан»
14.00 «112»
14.30 «Qoslike»
18.30, 02.35 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Пендеміз ғой»
20.00 «Главные новости»
20.30 «Поле чудес»
21.55 «Беги!»
01.45 «П@утина+»
03.05 Т/х «Ғашықтар»

КТК

07.05Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Улы тамшылар»
08.50 Т/х «Ясминнің тағдыры»
09.30 Т/х «Сен мықтысың, тек алға»
10.30 Новости
10.50 «Следствием установлено»
11.10 «Свои бывшие»
11.50 «Морские дьяволы. Рубежи Родины»
14.00 «Сильная слабая женщина»
16.00 «Кошмарный директор»
18.00 Т/х «Сен менің теңім емессің»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.30«КТКweb»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Навождение»
01.40 «Акварели»
03.15 «Әйел қырық шырақты»
03.40, 04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
09.55 Ауарайы, роликтер
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Сегодня»
10.55 5-блок, роликтер
11.00 «Дәрігеркеңесі»
11.45 «Спорт»
12.00 «Шашу»
12.55 7-блок
13.00 Т/х «Бәрі де анамжайлы»
14.00 «Ұлытау , ҚыдырәліҚарақат 2016 » концерті
16.45 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздікжылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздікжылнамасы»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 «Спасая жизни»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытындыжаңалықтар
21.00 «Ауырып ем іздегенше»
21.10 Д/ф «Мәдениқазыналар»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бәрі де анамжайлы» (15-16 серия)
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.40 «Армагеддон»
07.40, 20.00 Информбюро
08.50 «Последние 24 часа»
09.50 «Иффет»
11.00, 00.50 «Ананди»
12.30 «Тағдыпдың сыйы»
14.10 «Восьмидесятые»
16.00 «Последние 24 часа»
17.00 Х/ф «Призрак»
19.50 «Оқиға орны»
21.00 «Дар Небес»
22.20 Х/ф «Хантер Киллер»
01.50 «Кел татулайсайық»
03.50 «1001 анекдот»
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00 «Айна-online»
07.30, 14.00Скетчком«Q-eli»
08.00, 21.00 Т/х «Сезім Симптомдары»
09.00 «Война семей»
09.40 «Домик на счастье-2»
10.50 «Нюхач»
13.00, 04.00Т/х «Бастық боламын»
15.00, 03.00«Мезгілсіз сезім»
16.00 «Орёл и решка»
17.00 Х/ф «Марафон желаний»
18.45 Шоу «Ну-ка, все вместе!»
22.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
00.00 Шоу «Маска»

Сенбі - Суббота, 26 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
06.35, 02.20 «Ғасырлар үні»
07.20 «Aqparat»
07.55 «Сырлы сахна»
08.30 Д/ф «Әлемнің алып шаһарлары»
09.20 М/ф «Сүйкімді София»
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00«Әзіл әлемі»
14.00 «Тәуелсіздік Тәуекелдері»
16.25 М/ф «Кунг-Фу Панда-2»
20.00, 01.00 «Masele»
20.30 «Егіз лебіз»
21.30 Футбол. UEFA EURO 2020г
21.50 Футбол. UEFA EURO 2020г.
00.00 «Жарқын жүздесу» ток-шоу
00.00 Т/х «Жат Мекен»
01.00 «Тәуелсіздік Тәуекелдері»

ХАБАР

06.00 Т/х «Пәленшеевтер»
07.30 «Өзін-өзі тану»
07.40«Әсем әуен»
08.15 Т/х «Детектив әже»
10.00 «Tangy fresh»
11.00«Чужое гнездо»
13.15 Т/х «Құсайыновтар. Өмір жолы»
15.00 «Ән әлемі»
16.15 Жұлдызды жпке-жек
18.00 «Алтыбақан»
19.00 «Qazaq Golden Hits»
20.15 «Отдел журналистких расследований»
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн»
22.00 «Хабарлас»ток-шоу
23.00 «База – «Клейтон»
00.45 Т/х «Абзал жан»

АСТАНА

06.00, 05.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00, 04.30 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.20, 21.00 Т/х «Қызым»
12.20, 23.10 Т/х «Қайсар Ханша»
14.00 Х/ф «Құдалар»
16.30 «Алдараспан»
18.00 Т/х «Мәриям»
20.00 «Из первых уст»
20.25 «100 сұхбат»
20.55 «Loto 6/49»
00.40 Х/ф «Полицейская история»
02.40 «Azil keshi»
03.40 Той жыры
04.10 «KazNet»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Терра Нова»
17.10 «Той базар»
08.10 «Тамаша City»
09.00 «Ералаш»
09.20 «Любовь по приказу»
13.35 «Фабрика грез»
14.00 «Сила любви»
18.00, 02.55«Basty Bagdarlama»
18.35 «Ең алғашқы...»
20.00 «Главная тема»
20.30 «Парламент online»
20.55«Найти мужа Дарье Климовой»
00.50 группа «КИНО» - 2021
01.00 Х/ф «До скорой встречи»
02.10 «П@утина+»
03.25 «Той базар»

КТК

07.05 «Әйел қырық шырақты»
07.50Т/х «Үлкен үй-2»
08.30«Қыз қылығы»
09.00 «Басты рөлде»
09.30 Т/х «Сен мықтысың, тек алға»
09.50 «Юморина»
11.20 «Наваждение»
15.30 «Кел, келінім»
18.20 «Әндер мен жылдар»
21.00 «Наступит рассвет»
00.50 «Акварели»
01.40 «Аталар сөзі»
03.10, 04.30 «Сен мықтысың, тек алға»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Бүгін»
11.00 «Сыралғы»
11.45 «Спасая жизни»
12.05 «Шашу»
13.00 Т/х «Бәрі де анамжайлы»
14.00 «Олжа»
14.30 «Ұлтқұндылығы»
15.00 «Кот в сапогах» ертегісі
16.00 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Кеңауқымда»
17.00 «Әсем әуен»
17.35 Д/ф «Мәдениқазыналар»
17.52 «Тәуелсіздікжылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.30 «Қателік»
19.20 «Әсем әуен»
19.30 «Жүрексөзі»
20.05 «Сильные духом»
20.30 Қорытындыжаңалықтар
21.00 «Единый народ»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Сделано в Казахстане»
22.50 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
07.10 «Армагеддон»
08.10 «Оқиға орны»
08.20 «Информбюро»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Bala Battle»
10.40 «Тәтті шоу»
11.00М/с «Лило и Стич»
12.00 Х/ф «Джуманджи»
14.10 Х/ф «Хантер Киллер»
16.50 Х/ф «Последний рубеж»
18.50 Х/ф «Бладшот»
21.00 «Полный Блэкауд»
22.00 «Неге?»
23.30 «Ян Гуйфей»
01.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
03.30 «1001 анекдот»
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Гу-гулет»
06.30, 05.00 «Айна-online»
07.30, 01.40Скетчком «Q-eli»
08.30 «Ялырай»
09.00 «Война семей»
11.10«Регина + 1»
12.10 «Орел и решка»
13.10 Шоу «Ну-ка, все вместе!»
15.00, 03.00 «Мзгелсіз сезім»
16.00 К/ф «Әкем мен балам»
18.30 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
21.00 Шоу «Маска»
23.45 Х/ф «Марафон желаний»
01.30 «Регина+1»
05.30 «Қуырдақ»

Жексенбі - Воскресенье, 27 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Қазақ даласының құпиялары»
06.35 «Tolagai»
07.00 «Тәуелсіздік Тәуекелдері»
08.25Д/ф «Әлемнің алып шаһарлары»
09.15 М/ф «Сүйкімді София»
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00 «Ән мен әнші»
14.15 М/ф «Ұйқыдағы ару»
15.30 «Футбол. UEFA EURO – 2020»
17.30, 02.20 Д/ф «BeisenQuranbek»
20.00, 01.30 «Арта»
20.50 «Жүзден жүйрік»
21.30 Футбол. UEFA EURO – 2020 г.
00.00 «Әзіл әлемі»
02.50 Футбол. 2021

ХАБАР

06.00 Т/х «Пәленшеевтер»
07.30 «Самопознание»
07.40«Әсем әуен»
08.00Профессиональный бокс
11.00 «Чужое гнездо»
13.00 «Bilim»
13.15 Т/х «Құсайыновтар. Өмір жолы»
15.00 «Ән әлемі»
16.00 «Алтыбақан»
17.00, 19.00 «Qazaq Golden Hits»
18.30 «Мәжіліс.kz»
19.15 Жұлдызды жекпе-жек
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн»
22.00 «Большая неделя»
23.00 «Астана кештері»
01.00 «Pro SPORT»
01.30 «Абзал жан»

АСТАНА

06.00 Қаламгер
06.30, 05.10 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
10.00 «TeleBingo»
10.25, 22.00 Т/х «Тұмарым»
12.00, 21.00 Т/х «Қызым»
13.00, 23.10 Т/х «Қайсар Ханша»
14.50 Х/ф «Неудержимые»
17.20 «Алдараспан»
20.00«Тәуелсіздік жолы»
20.25 Үздік әндер
20.45 Аялы алақан
00.40 «Bas times»
01.50 «Астана кеші көнілді»
03.30 «KazNet»
03.50 «Әзілстан» жасарын камера
04.10 «Ән мен әзіл» концерттік

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Тера Нова»
06.45 «Той Базар»
07.45 «ТамашаCity»
08.30 «Воскресные беседы»
08.45 «Заячья школа. По уши в приключениях »
10.10 «Любовь по приказу»
14.30 «Три аккорда»
16.30 Х/ф «22 минуты»
18.00 «Біздің Ел»
18.35 «Кеш жарық, Қазақстан!»
20.00 «Аналитика»
20.55 «неслучайные встречи»
00.50 «КВН» Высшая лига
03.00 «П@ytina+»
03.45 «Біздің Ел»

КТК

07.05 «Әйел қырық шарақты»
07.50 «Қазақтың жігіттері»
09.30 «Юморина»
11.40 «Наступит рассвет»
15.30 «Кел, келінім»
17.00«Семья на год»
21.00 «Портрет недели»
22.00 «Любви целительная сила»
00.00 «Кошмарный директор»
03.00 «Аталар сөзі»
03.40, 04.30 Т/х«Сең мықтысың, тек алға»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.25 4-блок,
10.30 «Әдебиет пен адамзат»
11.00 «Әсем әуен»
11.40 «Алматы облысы - 20 жыл (20 тұлға)
11.45 «Спорт»
12.00 «Жүрек сөзі»
12.35 «Зейнеп апаның әңгімелері»
13.00 «Қателік»
13.40 «Единый народ»
14.05 «Әсем әуен»
14.30 «Сделано в Казахстане»
15.00 «Белоснежка» ертегісі
16.00 Д/ф «Кеңауқымда»
16.30 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
17.00 «Қазақүні»
17.35 «Полицейская служба»
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 «Спорт-тайм»
18.30 «Олжа»
19.05 «Ұлт құндылығы»
19.30 «Әкелердің әңгімесі»
20.15 «Тәуелсіздік жылнамасы»
20.30 Апта /қаз/
21.25 20-блок
21.30 Апта /рус/
22.15 21-блок, Ауарайы
22.20 К/ф «Алғысым саған шексіз»
00.05 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.30, 02.40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
07.20 «Армагеддон»
08.20 «What's up?»
08.50 «Bala Battle»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Тәтті шоу»
11.00 М/с «Лило и Стич»
13.00М/ф «Принцесса-лебедь»
15.00 Х/ф «Последний Рубеж»
17.10Х/ф «Бладшот»
19.40 Х/ф «Хэллбой: Геои из пекла»
22.00 Х/ф «Сделка с Дьяволом»
00.10 «Полный Блэкаут»
01.20 «Ян Гуйфей»
03.30 «1001 анекдот»
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Гу-гулет»
06.30, 05.00 «Айна-online»
07.30, 02.40Скетчком «Q-eli»
08.30«Ялырай»
09.00, 01.00 «Юмор! Юмор! Юмор!»
11.00«Сердечный враг»
15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
16.00 К/ф «Сени қалдырған өмір»
18.30«Тақиясыз періште»
21.00 Х/ф «Мой шпион»
23.00Х/ф «Разведка»
03.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
05.30 «Қуырдақ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОҚУ ОРНЫ

ІРГЕЛІ БІЛІМ ОРДАСЫ

БІЛІКТІ МАМАН БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІН ҚАЛТҚЫСЫЗ ОРЫНДАУЫ ҮШІН ІСКЕРЛІК ДАҒДЫЛАРДЫ ҚОЛДАНА АЛУЫ КЕРЕК. БҰЛ ЗАМАН ТАЛАБЫ. ӘЛЕМНІҢ ГУМАНИТАРЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ КӘСІБИ КЕЛБЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРЫП ЖҮРГЕН ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ МАМАНДЫҒЫНЫҢ ДА ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ӨТЕ АУЫР. ЕЛІМІЗДЕ ДӘЛ ОСЫ АТАЛҒАН ШАРТ-ТАЛАПТАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН БІЛІМ ОРДАСЫ БАРШЫЛЫҚ. СОНЫҢ БІРІ ДЕ, БІРЕГЕЙІ РЕТІНДЕ ҚАЗАҚҰЛТТЫҚҚЫЗДАР ПЕДАГОГОИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІН АТАУҒА БОЛАДЫ.

«Халқымыздың әл-ауқатының жақсаруымен бірге оның рухани дүниесі де жаңарып, әлемдік білім беру кеңістігінен нәр алуға қол жеткізді. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін жаңартудың басты міндеті сапалы біліммен қамтамасыз ету және білім беру жүйесінің барлық компонентін жеке тұлғаны қоғам мен мемлекеттің болашақ табыстарымен сәйкестендіру», – деген Елбасымыз Н.Назарбаевтың ұстанымын басшылыққа алып, отандық білім беру жүйесін замана талабына сай жаңаша ұйымдастыру – басты міндет. Педагог-психолог маманы қашанда сұраныста болмақ. Ұрпақ тәрбиесі ұлт алдындағы жауапкершілігі мол жұмыс деп тапсақ, білімнің әр саласында таптырмас қажеттілік тудыратын кадр. Педагог маман өз міндетін оқу пәнімен, білім беру жоспарымен шектеп қоймайды. Сондай-ақ, ол философ, оқушының немесе білім алушы жастың мақсат-мүддесін айқындауға, ішкі меніне, ішкі дауысына құлақ асуына жәрдем бере алатын көмекші-дос. Бағытын айқындап, өмірлік және кәсіби жолын табуға жол көрсететін адамзат құндылығының тасымалдаушысы. Студенттер университетті тәмамдаған соң мектеп бағдарламасымен толық танысып, орта білім беретін мектептерге дайын мұғалім болып барады. Жыл бойы педагогикалық практика кезінде студент өзінің педагогикалық қабілетін жаңа ұжымға тынытып, ұшқыр білімі мен озық тәжірибесі арқылы мектеп ұжымының көңілінен шықса, сөз жоқ сол жерде ары қарай еңбек етуге мүмкіндік алады.

Кәсіби құзыреттіліктері қалыптасқан білім беру саласындағы біліктілігі жоғары болашақ мамандарды дайындауда Қазақ Ұлттық қыздар педагогоикалық университеті алдыңғы қатарда. Студенттер жыл сайын студенттік конференциялар мен форумдардың, спорттық жарыстар мен шығармашылық конкурстардың жеңімпазы атанып, алдыңғы қатардан көрініп келеді. Белсенділік пен жарасымды өмір салтын ұстанған студенттердің уақыты зая кетпейтініне кепілдік бере алатын бірден бір жоғарғы оқу орны. Қашықтықтан оқыту, Академиялық ұтқырлық аясында шетелдік серіктес ЖОО-да оқу мүмкіндігіне ие, сондай-ақ біздің студенттер 4 жыл ішінде бірнеше білім беру бағдарламаларын меңгеріп, қазақстандық үлгідегі диплом мен серіктес ЖОО дипломын ала отырып, бірегей мүмкіндікке ие болады. Оқытушылары оқытуда шығармашылық қабілеттерін тұншықтырмауға, керісінше оны дамытуға және кәсіби құзіреттіліктерді қалыптастыруға ықпал ететін инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды қолданады. Нигде университеті (Түркия), Миссисипи университеті (Америка), Мәскеу қалалық педагогикалық университеті, Санкт-Петербург Психология және әлеуметтік жұмыс университеті, Ресей педагогикалық университетінің сондай-ақ, алыс-жақын мемлекеттердің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орнатқан. Факультетте студенттердің сапалы білім алуына және әр студенттің шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыруға қажетті жағдай толығымен жасалған. Осы орайда Педагогика және психология жоғары мектебі, жалпы педагогика кафедрасының қосқан үлесі зор.

Білім беру үрдісін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз ететін кафедраның 77 жылдық тарихы бар. Қазақ КСР-нен бері еңбегі елге елеулі профессорлар қызмет атқарады. Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы жоғары ғылыми әлеуетке ие. Олар білім және ғылымдағы жетістіктері үшін Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің түрлі құрмет грамоталарымен марапатталып жүр. Сонымен қатар, оқытушылар Ресей білім академиясының, Стратегия және білім теориясы институтымен тығыз байланыс орнатып, тәжірибе алмасып, ғылыми зерттеулер жүргізіп келеді. Кафедра педагогика және психология, педагогикалық өлшемдер мамандықтары бойынша магистрлерді дайындайды. Жоғары мектепте педагогика және психология, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану, психология, дене шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша кәсіби маман даярлайды.

Түлектердің жалпы білім беретін орта мектеп, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу жүйесі, педагогикалық колледж, бастауыш және орта кәсіптік білім беру ұйымдарында жұмыспен қамтылу мөлшері 76%-ды құрайды. ҚазҰҚПУ студенттері білім алу барысында қосымша құзыреттілікке ие болуы үшін, еңбек нарығында бәсекеге қабілеттігін танытуға немесе олардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектесетін Minor бағдарламасы ұсынылады. Аталмыш университеттің бұдан өзге артықшылықтары мен студенттерге жасалған тиімділігі көп. Күнделікті өзгеріске ұшырайтын еңбек нарығына тез икемделіп, мамандардың кәсіби деңгейінің талабына оңай бейімделетін маман даярлау – университетіміздің басты міндеті.

Жалпы мамандық жөнінде айтар болсақ, педагогикалық психология саласы балаларды оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарынан бөлек мұғалімдер мен тәрбиешілердің, ата-аналардың, педагогикалық топ іс-әрекетінің психологиялық негіздерін зерттейтін ғылымның бір саласы. Педагогикалық психология терминін орыстың белгілі педагогі П.Ф. Каптерев енгізген. Бұл саланың қалыптасуына XIX ғасыр ортасындағы сараптау психологиясы тікелей ықпал етті. Аталмыш саланың құрылымы үш бөлімнен тұрады: оқыту психологиясы, тәрбие психологиясы және мұғалім психологиясы. Педагогтың жұмыс істеу сипаты – жетекшілердің оқушылармен қатынас жасау әдістерінің жиынтығы болып саналады. Бұл саладағы зерттеулер оқулықтар мен оқу құралдарына қойылатын әр түрлі талаптарды анықтауға ықпал ете алады. Оқушының жас шамасы мен психологиялық деңгейі, ойлай жүйесін басты назарда ұстай отырып, дұрыс оқулықтың құрастырылуына маман да өз септігін тигізеді. Білім алушының ақыл-ой әрекеті мен мінез-құлығын басқарып, олардың дамуын қамтамасыз ететін білім беру және тәрбиелеудің тиімді тәсілдерін тауып негіздеуге мүмкіндік береді. Оқушылар жай-күйін ғана зерттеп қоймай, педагогтың жеке басына қойылатын талаптарды қадағалайды. Бірқалыпты даму зандылықтарынан ауытқыған балалармен тәлім-тәрбие жұмысын жүргізуде де педагог-психолог мамандардың көмегі ауадай қажет.

Л.САЙДАХМЕТОВА,
ҚазҰлтҚызПУ, п.ғ.к., доцент.
Г.ҚОҢЫРАТБАЕВА,
педагогика және психология мамандығы 2-курс магистранты.

ЖАҢА ЗАҢ

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ИНСТИТУТЫНАН КҮТЕРІМІЗ КӨП

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кезекті Жолдауында азаматтар құқығын мінсіз қорғап, сот төрелігінің сапасын көтеруге назар аударып, азаматтардың жария-құқықтық дауларда теңсіздік ахуалында қалатынын, олардың мүмкіндігі мемлекеттік аппараттың ресурсына сай еместігін сынға алған болатын.

Мұндай кемшіліктің барын статистика да айғақтайды. Мәселен бізде орта есеппен алғанда 1000 адамға шаққанда бар болғаны 1,4 жария-құқықтық даудан келеді екен. Ал дамыған елдерде, соның ішінде әкімшілік әділет институты жақсы жұмыс істейтін мемлекеттерде мұндай дауларды қараудың бірыңғай тәжірибесі толық қалыптасқан. Соған орай 1000 азаматтың орта есеппен 2-ден 5-уі соттасуға батыл шешім қабылдайды. Яғни, бұл елдерде азаматтар мемлекеттік органдардың әрекетіне немесе әрекетсіздігіне көңілі толмаған жағдайда арызданудан, соттасудан қорықпайды. Өйткені жария-құқықтық дауларды қарауда сүйенетін заңда ең алдымен жеке азаматтар мен заңды тұлғалардың мүддесі бірінші орынға қойылған. Бұл өз кезегінде қарапайым халықтың заңға, заң арқылы сотқа деген сенімін нығайтады. Ал әкімшілік әділет саласы бір жүйеге түспеген елдерде азаматтар жария-құқықтық істердің келешегіне күмәнмен қарайді. Соның әсерінен сотқа жүгіне бермейді. Шілде айынан бастап қолданысқа енгізілгелі тұрған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс осы түйткілдерді тиімді реттеуді мақсат етіп отыр.

Кодекстегі жаңашылдықтар туралы айтқанда ең бірінші назарға ілінетіні - сот белсенділігіне қатысты қағидат. Бұрын судья істі таразылағанда екі тарап ұсынған дәлелдер шегінен шыға алмайтын. Ал тараптардың бәрі бірдей құқықтық тұрғыдан сауатты емес. Қай тараптың қай жерден ұтылып, қай тұстан ақсап тұрғанын білсе де судьяның іске араласып, жол сілтеуге, қосымша құжаттар сұратуына құзыреті жетпейтін. Судьяның артық сауалының өзі мұндай кезде тараптардың күмәнін туғызатын. Төрелік етер адамды тосылтатын да осы еді. Жаңа кодекс бұл олқылықтың орнын толтырып отыр. Соған сай енді сот тараптар ұсынған дәлелдемелермен шектеліп қалмай, дауды шешуде маңызға ие барлық мән-жайларды жан-жақты, толық әрі объективті зерттейді. Сонымен бірге өз бастамасы бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдемелер жинаты алады.

Кодекстің маңызын арттырған тағы бір ерекшелік - енді мемлекеттік органдар қызметіне арызданған азаматтарға өз сөзін дәлелдеу қажет емес. Ол үшін мемлекеттік органның шешімімен келіспеген азаматқа сотқа талап арызбен жүгіну жеткілікті. Мұндай талаптар «мемлекеттік органның кінәлілік презумпциясы» қағидаты бойынша қаралады. Яғни, сотта өз шешімінің, әрекетінің немесе әрекетсіздігінің заңдылығы мен негізділігін дәлелдеу енді мемлекеттік органның міндеті болмақ.Сот шешімінің орындалмай орта жолда қалатыны қоғамдағы өзекті мәселенің бірі. Жаңа заңда бұл мәселенің де шешімін табуға қадам жасалған. Соған сәйкес әкімшілік сот өз шешімдерінің орындалуын қатаң бақылайды. Сот шешімін орындамаған жауапкерден процестік мәжбүрлеу шарасы ретінде ақша өндіріп алу көзделген. Әрі ол сот шешімі орындалғанға дейін бірнеше рет қолданылуы мүмкін. Оның мөлшері 50-ден 100 АЕК-ке дейінгі соманы құрайды.

Бүгінде жаңа заңнаманың талаптарын түсіндірумен бірге, жаңа әкімшілік соттарды құру, оған судьяларды бейімдеу бағытында іргелі істер қолға алынуда. Әкімшілік әділет институтын жандандыруды көздейтін бұл шаралар қоғамда оң нәтижесін береді деп сенеміз.

Майқұл МАМУТОВА,
Талдықорған мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы.

ҚОҒАМ ДЕРТІ

Бүгінде сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мемлекеттің одан әрі табысты дамуы үшін сөзсіз басымдық болып табылады. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністері қоғамның мүддесіне зардабын тигізіп және мемлекеттің экономикалық өсуіне орасан кедергі келтіреді.

КӨП БОЛЫП қолға алайық

Сондықтан да біздің еліміз сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде халықаралық тәжірибелерге сүйеніп әртүрлі шаралар мен модельдерді үйлестіріп отырады.

Қазіргі таңда мемлекетімізде бағыныштыларының сыбайластық әрекет жасағандары үшін басшының жауаптылығы туралы мәселе қойылып отыр. Мұның өзі, сөз жоқ, сыбайластық пен күресте қолданылып жүрген мемлекеттік механизмдегі маңызды да басты элементтерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, бұл тұрғыда сыбайластықпен күресте бірқатар сапалық жаңа шаралар қарастырылған. Мемлекеттік қызметкердің өзіне белгілі болған сыбайластық құқық бұзушылық оқиғалары туралы хабарлау міндеті енгізіліп, сыбайластыққа қарсы әрекет шаралары жасалған.

Өтпелі кезеңнің ауыр жылдарында қоғамымызға дендеп еніп, белең алған сыбайлас жемқорлық сияқты дертті жою оңай емес. Оның алдын алу, орын алуына мүмкіндік туғызбау үшін барлық мекеме – ұйымдар, ұжымдар, қоғамдық ұйымдар, барлық азамат іске немқұрайлы қарамауы керек. Жеңіп ұшынан жалғасқан жемқорлықпен күреске барша жұрт атсалысқанда ғана нәтижелі болмақ. Бір сөзбен айтқанда бұл әлеуметтік кеселмен күресті көп болып қолға алғанда ғана жақсы нәтиже берері даусыз.

Сәтжан СЕЙІТКЕРІМ,
Талдықорған қалалық сотының аға сот приставы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПОЭЗИЯ ӘЛЕМІ

«ЖАМАУ ЕМЕС ЖАУЫРМЫН, БАР ҚАЗАҚҚА БАУЫРМЫН»

Жамау Бұқарбаевтың өлеңдері табиғилығымен, шынайылығымен құнды. Ақынның бір топ өлеңін ұсынып отырмыз.

ЖАРТОҒАНЫМ

Нәрестең едім мен сенің,
Тұныққа бөлеп тербеттің.
Махаббат – жалғыз өлшемім,
Жарқырай күліп ержеттім.

Ержеттім түкті ойламай,
Күндердің кешіп шаттығын.
Суыңды кеттім бойламай,
Басылған болар аптығым.

Көкейге мың күй қонды да,
Есейіп кеттім, білемін.
Бөлеулі жатыр қойныңда
Бірақ та сәби жүрегім.

* * *

Дуылдай жанып май табан,
Жаз жайлап,
Кешкен көктемді,
Жарыннан сенің қайтадан,
Көрінбей кеттім көп болды.

Жете алмай жүрмін, көп болды,
Толағай бесік тұр ма аңсап?
Қылыштай қиып бөктерді,
Қырды асып кетті думан шақ.

Десем де іштей болдыра,
(Жұмбақ қой тұрған бұл ғалам).
Арнаңда,
Менің орнымда,
Балықтай жүзіп жүр балам.

Қолдырап қалсын май табан,
Төріндi түгел аралат.
Жалғызым,саған, Жартоған,
Аманат болсын, аманат!

* * *

Кәмелетке сайлап сері жүректі,
Сал күндерім,
Сауық құрған жыл өтті.
Ақ толқындар арнайылап маған да,
Айтып ақты ақтарылып тілекті.

Қала алмаймын әлі бір күн тамсанбай,
Шыдамаймын шаттық өріп, жар салмай.
Толқыныннан тұтандым да, Жартоған,
Жанып келем желсіз түнгі майшамдай.

Жанып келем,
Жана берсем,
Жансам мен,
Жанып бітіп ақтық рет алсам дем,
Тек өзіңе ғашық болып,
Аңсаумен...

* * *

Тер шығарып тебінгідей арқадан,
Тұнығыннан жұтсам,
Құмар тарқаған.
Бабалардың қолы ойылған қазумен,
Әкелердің шөлін басқан Жартоған.

Арнасымен өмір құшқан Жартоған,
Шежірешіл жырау тоған, сал тоған.
Жағалаудан жалбыз исін сіміріп,
Жаныңа мен келіп тұрмын қайтадан.

Тірлік барда – таусылмайтын байтақ ән,
Қайтқан құстар қазақшалап айтады ән.
Жапырақ та жайма жасыл желек те,
Саған сырын шертетіндей, Жартоған.

* * *

Жартоғанның толқындары,
Үзігеді өбеді.
Жағалаудың салқын лебі
Жанға рахат береді.

Жаз әуені жан елітіп,
Бойға желік енеді.
Қанатында әнді ерітіп,
Суға инелік төнеді.

Жалаң балтыр, мінсіз тұлға,
Күн сүймеген кеуде аппақ,
Құлайды –ау кеп үнсіз суға,
Жарқабақтан аунап қап.

Құмығады қызғыш үні,
Өшірер ме өртін бар.
Құшаққа алып қыз мүсінін,
Құнжыңдайды толқындар.

Жартоғанның жағасында,
Менің сәби шат күнім.
Жасыл нудың арасында,
Баса алмай жүр аптығын.

* * *

Сүттігеннің шайырланып түптері,
Жазылғанда шырмауықтың бүктеуі.
Жан жайлауы – жасыл орай, Жартоған,
Келем саған, күт мені!

Қозыбауыр көк құраққа оранып,
Бақбақ басы бұлтиғанда қабарып.
Ән тамғанда таңдайынан тарғақтың,
Қара сұлы бой жеткендей таранып.

ЖЕТЕРМІН МЕН!

Көк құнанға ен тағып,
Қос тәртені көкті көздей қаңтарып.
Жалбыратып алақанның терісін,
Салқын сазға түскенінше қан тамып.

Шалғы жүзін шалғыныңа бойлатып,
Омыртқаны қытықтай тер ойнатып.
Қас қарайтып қайтармын-ау,
Шіркін-ай, дене дел-сал,
Лаззатыннан бой балқып.

Жүрегімнің түссін солай жүктері,
Жартоғаным, жыр мекені, күт мені.
Болдырғанның өзі бақыт төріндe,
Аңсап соны жетем бір күн.
Күт мені!

МАМЫРДА БІЗДІҢ АУЫЛДА

Сағыныштың саздарынан аумаған,
Жыл құсының қанатынан саулап ән.
Аққу бұлттар ағашқа кеп қонақтап,
Гүл боп кетті ақ нөсерлер жаумаған.

Ақ бесікке тастағандай күй бөлеп,
Кең жайлауда қанат жайған үй де ерек.
Талма түсте тыншымайды қарт әже,
Немересін көлеңкеге сүйрелеп.

Жетпістерге тіреген шал ат басын,
Ордасында күллі бақыт патшасы.
Мамырларын, уа, дариға, есіне ап,
Жымияды жерге соғып шақшасын.

Арман, арман,
Киік арман,
Бал арман,
Бақытты ғой аңсай іздеп таба алған!
Өзі-өзінен қысылады бойжеткен,
Жұмбақ сырын ұқтырып ап жанардан.

Сағыныштың саздарынан аумаған
Жыл құсының қанатынан саулап ән,
Май тамызып жатыр біздің қырдағы,
Қызғалдаққа – қызыл өрттей лаулаған.

* * *

Жамау емес қалаумын,
«Мен» дегенге сабаумын.
Ақындарға жан пида,
Ала аяқ қуға қамаумын.

Жамау емес жалаумын,
Орта құрсақ жараумын.
Жай халыққа жомартпын,
Басқаға Қарынбай қараумын.

Жамау емес жауырмын,
Бар қазаққа бауырмын.
Толғанбайдай толқыған,
Жалмендедей ауырмын.

Жамау емес жаяумын,
Жиенбайға таяумын.
Арсалаң атам сияқты,
Жібектей жұмсақ баяумын.

* * *

Бір ғанамын,
Болғаны – ұл ғанамын.
Болар ұлға бар ма еді бұлдамағың?
Шайпау әйел сияқты шатақ өмір,
Шырғалаңың көп екен, шырғалаңың.

Бір ғанамын,
Болғаны – ұл ғанамын.
Еркесі едім қажырлы мұнды ананың.
Сараң әйел секілді су татырмас,
Шыға берді –ау алдымнан шырғалаңың.

Өмір, сенің қайтейін, шырғалаңың,
Басын шатты шырмаумен бұл баланың.
Өшің бардай
Жасадың сен қысастық,
Адам атын алайда былғамадым.

* * *

Аңқылдаған ұл едім,
Аңқылдадым.
Аңсал-саңғал аңқылдақ қалпымдамын.
Аңқалақтап алаңсыз, от пен суға,
Қатар түсіп жүрсем де тартынбадым.

Тарта алмадым тізгінді,
Жүрек болдым.
Жүрек болсам – ғашықты жүдетпедім.
Сақтап келдім сырларын тереңімде,
Ақтап бердім үмітін, тілектерін.

Аңқалақтап, ақ жырға айналайын,
Енді туды қайтейін, самғар айым.
Аңқылдаумен артымда қалған уақыт,
Болар маған біраз жыл алда уайым...

ӘКЕ

Келіп тұрмын жаныңа,
Сәби құшақ ашылған.
Жетсем дағы сағына,
Сипамадың басымнан.

Әрең қозғап ерінді,
Мұңымды айттым сенімсіз.
Тарқатпастан шерімді,
Жаттың, әке, сен үнсіз.

Қала бердің тіл қатпай,
Айналдың да мүсінге.
Көз жасымды құрғатпай,
Күйік қалды –ау ішімде...

* * *

Қолым тисе медальдарың сыңғырлап,
Керегемнен ағар төмен жыр құлап.
Шырқыраған жетім құлын жүрегім,
Көз алдымнан тұман көшер бұлдырап.

Мезгіл, шіркін, сала бермес ұдайы ән,
Дәуір озар,
Өмір тозар – бұл аян.
Ақ сақалды шалды көрсем бірақ та,
Әке, сені есіме алып мұңаям...

* * *

Дей алман «Бағаңды кеш білдім»,
Жоныннан жосылған тер кетпей.
Өмірдің тұнығын кештірдің,
Жеткізіп бүгінге шөлдетпей.

Жолдас қып мені әркез арлыға,
Биіктен көру боп аңсарың.
Бір қолдап сілтедің шалғы да,
Білмеймін, қаншама шаршадың.

Шаршадың,
Шау тарттың сүрінбей,
Қатардан қалмасын ұлым деп.
Өкпе айтып күндерге бүгілмей,
Қарсы алдың мені әркез күлімдеп.

Сені ойлап,
Қамыққан түндері
Соқпай ма жүрегім баяулап?
Көшімді түзедің ілгері,
Жүгіріп жүріп –ақ жаяулап.

Ұғынып мәні мен маңызын,
Кезіме гүл атып көксеген.
Өтелмей қалды ма парызым
Арманда қалдым ба ?- деп келем.

* * *

Қағазды сен де құрметтеп,
Қастерлеп өттің қаламды.
Ақылы кенен бұл мектеп
Ақын қып кетті баланды.

Ауызша құрап жырды ептеп,
Ыңылға салдың бар әнді.
Сағыныш сазды бұл мектеп,
Сыршыл қып кетті баланды.

Қысқа да жіпті күрмеп кеп,
Жеңіңмен жаптың жараңды.
Мүгедек қолың – бір мектеп
Мұңдылау қылды баланды.

Көсеге өрім, көк егін,
Адалдық жайын аңыз қып.
Бықсымай жанып келемін,
Алдым да сенен тамызық.

ӘКЕ РУХЫНА

Шешілмес өмірдің жұмбағы,
Армансыз өтетін жоқ қой күн.
Әкетай, сен көзің жұмғалы,
Мен тағы бір ұлға ат қойдым.

Өсер ол есті боп еркелей,
Көкейге көп күйді қондыра.
Болдым да қол бастар серкедей,
Ат қойдым мен сенің орныңа.

Кеудеде жаңғырып мың ағын,
Бұлдырап көкжиек ақты алда.
Сені ойлап мен іштей жыладым,
Басқалар мәз болып жатқанда.

* * *

Сыртқа теппей,
Еш адамға кектенбей,
Көңілінді шашып кеттің көктемдей,
Бұзып-жарып таласпадың билікке,
Бұл мұратқа елден бұрын жеткендей.
Елден бұрын өзегіне нәр сіңбей,
Тарыққанға жәрдем бердің бәлсінбей.
Шақырғанға жеттің жұрттың алдымен,
Қауқылдаған қарт бар ма еді, дәл сендей?

Бетке тұтып,
Беделінді малданбай,
Арсызға да сәлем бердің арланбай.
Ел ішінде өмір кештің осылай,
Ала аяққа азық болмай, алданбай.
Кеуде толар – кенішіне кенелсем,
Арман озып, бір жақсыға теңелсем,
Шың басынан сілкінетін жас қыран
Қайда бүгін?
Сағындырды-ау өр еңсең.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СУДЕБНАЯ СИСТЕМА

АЛЬТЕРНАТИВНЫЕ ПРОЦЕДУРЫ РЕГУЛИРОВАНИЯ СПОРОВ

Одним из новшеств действующего ГПК РК является продвижение в этих нормативных актах альтернативных процедур регулирования споров.

Существуют виды АРС: переговоры, медиация, претензионный порядок. Дополнен исполнительной надписью, партисипативной процедурой, судебной медиацией.

Исполнительная надпись – нотариальные действия нотариуса. Новый хорошо забытый старый вид деятельности нотариуса, направленный на проведение примирительных процедур. Исполнительная надпись применяется при условии предоставления документов, подтверждающих бесспорность задолженности или иной ответственности должника перед взыскателем, а также если со дня возникновения права на иск прошло более трех лет.

Партисипативная процедура является совершенно новой процедурой, суть которой заключается в ведении переговоров участниками спора при активном участии адвокатов без судьи или другого нейтрального третьего лица.

В этой процедуре адвокаты должны содействовать примирению спорящих сторон и нахождению взаимовыгодного решения, так как исход партисипативной процедуры зависит от них.

3 этапа: выдвижение предложений сторонами по иску или спору

Разработка альтернатив сторонами, выбор альтернативы сторонами

Положительным результатом является письменное соглашение сторон с участием адвокатов. Основные различия от медиации – цели процедур.

Стороны в медиации не только решают спор путем переговоров, но и стараются сохранить дружественные отношения после медиации. При разрешении спора в процедуре медиации стороны не стараются доказать правоту или обосновать требования и возражения, а наоборот стараются достичь такого разрешения конфликта, которое устраивало бы обе стороны.

Процедура медиации внедрена в судебную систему для расширения сферы применения медиации и уменьшения нагрузки на судей.

В целом, утвержденные судом соглашения об урегулировании спора в в порядке суд медиации и классической медиации, а также соглашение в порядке партисипативной процедуры имеют такую же юридическую силу, как мировое соглашение. Следовательно, принудительное исполнение данных соглашений производится по правилам исполнения мирового соглашения.

Олег АНИСИМОВ,
судья Талдыкорганскогогородского суда.

ГЕНДЕРНОЕ РАВЕНСТВО ПОЛОВ

Понятие «гендер» означает «род» (англ. gender, отлат. genus) т.е. это равные возможности и равные права женщин и мужчин. Это рассматривается в таком широком смысле. Иные понимают, что гендер - это просто стремление женщин к власти. В действительности можно сказать что, это широкая и актуальная проблема, где и вопросы мужчин, и вопросы женщин равенство обоих полов.

Гендерное равенство, также именуемое равенство полов, — это концепция, подразумевающая собой достижение цели равноправия в правах между сильным и слабым полом, это равная оценка обществом схожести и отличия между женщинами и мужчинами, разных социальных ролей, которые они играют, обладание ими равным статусом посредством равных условий для реализации прав и потенций человека.

Равенство длительный период считалось, в основном, проблемой женщин. Женщины испытывали откровенную дискриминацию по признаку пола, невзирая на то, что построенные с учетом гендерного подхода структуры общества освобождены от системных барьеров для полного женского экономического и социального участия. XX век в большинстве государствах мира провозглашен равноправием мужчин и женщин, в связи с этим женщины добились значительного прогресса в разных сферах жизни.

Не существует единого для всех стран мирового сообщества, стандарта по достижению гендерного равенства. Каждая страна, ставящая перед собой такую цель, проделывает на этом сложном пути уникальную работу с учетом своего исторического, культурного и политического опыта.

Проведение системной и востребованной гендерной политики в Республике Казахстан, всесторонне учитывающей национальный и международный опыт в сфере достижения гендерного равенства, религиозные и культурные особенности стран мирового сообщества дают свои положительные результаты. Гендерная политика в Казахстане базируется на принципах преемственности и сбалансированности, является важной составляющей внутренней политики страны и направлена на упрочнение национального согласия и единства.

Манат КАСБАКБАЕВ,
главный специалист-секретарь судебного заседания Талдыкорганского городского суда.

АКТУАЛЬНО

ОБУЧЕНИЕ ОСНОВАМ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА

С начала года в Алматинской области профинансировано почти 600 бизнес-проектов начинающих предпринимателей, обучившихся по проекту по основам предпринимательства «Бастау Бизнес» в рамках государственной программы «Енбек», сообщила пресс-служба областной палаты предпринимателей.

По данным областной Палаты предпринимателей, в этом году уже более 700 человек прошли занятия и еще 960 человек продолжают познавать азы бизнеса в рамках проекта «Бастау Бизнес». В связи с карантинными мерами, как и в прошлом году обучение проходит дистанционно посредством онлайн-платформы «Atameken Academy».

По словам начальника отдела нефинансовой поддержки предпринимательства Палаты предпринимателей Алматинской области Сании Наурызбаевой, в первом потоке проекта «Бастау Бизнес» обучился 731 участник. Из них 195 участника - представители молодежи, 425 человек – люди от 30-49 лет, 76 участника в возрасте 50-57 лет, от 57 лет и выше – 35 участника. Среди обучившихся только 33 человека имеют опыт в предпринимательстве, тогда как большинство участников являются безработными и самозанятыми.

С 24 мая стартовал второй поток проекта. По всей области к обучению приступило 960 человек.

«В районах и городах с участниками работают бизнес-тренера и консультанты. В целом будет организовано обучение по 5 потокам, которое продлится до сентября этого года. Отмечу, что с начала года порядка 600 выпускников проекта «Бастау бизнес» получили финансирование на развитие своего бизнеса, в том числе 45 человек являются участниками первого потока 2021 года», - рассказала начальник отдела региональной палаты Сания Наурызбаева.

В Палате предпринимателей отметили, что обучение проходит в течение 21 дня, по итогам которого выдается сертификат о завершении или об участии в обучении. С этим сертификатом выпускник проекта может претендовать на получение безвозмездного гранта в размере 200 МРП или льготного кредита под 6%.

Принять участие в обучении могут безработные; трудоспособные инвалиды; молодежь, в том числе в категория NEET; члены малообеспеченных и/или многодетных семей; члены сельскохозяйственных кооперативов, не достигшие пенсионного возраста, крестьянских и фермерских хозяйств, включая участников якорной кооперации; переселенцы и кандасы.

Для обучения в проекте участникам необходимо обратиться в центры занятости населения с заявкой на обучение с приложением копии документа, удостоверяющего личность. Центры занятости населения, при подтверждении статуса претендента на соответствие целевой группе проекта, выдают направление на обучение. После претенденты могут самостоятельно пройти регистрацию на сайте atameken. со посредством электронно-цифровой подписи для дальнейшего зачисления в группу для обучения. К слову, что государственные служащие не могут заниматься предпринимательской деятельностью и обучаться на курсах. Также стать слушателями курса не смогут женщины, находящиеся в отпуске по уходу за ребенком и студенты среднеспециальных учебных заведений и вузов.

Напомним, в прошлом году в Алматинской области в рамках «Бастау Бизнес» основам предпринимательства обучилось 3022 участника, более 2 тысяч проектов были профинансированы на общую сумму 1,8 млрд тенге.

Ш. БАТОВ.

ЛЮДИ

СТРОИТ ПТИЦЕФЕРМУ

В Алматинской области предприниматель с особыми потребностями Айдар Маманов планирует запустить птицеферму на 5,5 тысяч голов. Строительство объекта завершится в текущем году, сообщила пресс-служба областной палаты предпринимателей.

Айдару Маманову 29 лет. Окончив ВУЗ, успешно работал военным в Талдыкоргане. В 2016 году с ним произошел несчастный случай, в результате которого получил травму позвоночника поясничного отдела. Однако тяжелое испытание жизни не сломило Айдара. Он решил продолжить и расширить семейное дело.

«Наша семья давно занималась птицеводством, держали в хозяйстве кур, гусей и уток. Это не было бизнесом, мы выращивали птиц для дома. Чтобы занять себя делом и принести пользу своей семье, я поговорил с родителями и решил расширить действующее семейное дело. Обратился в Палату предпринимателей «Атамекен», где получил консультацию о мерах поддержки предпринимательства и записался на обучение по проекту «Бастау Бизнес»», - рассказал он.

В 2019 году Айдару Маманов в Алакольском районе прошел обучение основам предпринимательства «Бастау Бизнес» в рамках государственной программы «Енбек», где впервые познал азы бизнеса, узнал нюансы ведения и развития бизнеса. Старания и интенсивный труд дали свои плоды. Айдар стал на шаг ближе к реализации своего бизнес-проекта.

«Год спустя получил грант по линии фонда «Даму» в размере 1 миллиона тенге и безвозмездный грант в рамках программы «Дорожная карта бизнеса - 2025» на сумму 2,5 млн тенге. На эти средства приобрел инкубатор, мини трактор, дробилку и другое необходимое оборудование. Сейчас ежемесячно мы реализуем 200-400 голов птиц. В перспективе количество птиц будет больше. Поскольку будет открыта птицеферма», - отметил молодой предприниматель.

По его словам, птицеферма строится за счет личных средств. Объект расположится на 7 гектарах в селе КызылкайынАлакольского района. Ферма будет рассчитана на 5,5 тысяч голов, из них 3 тысяч гусей, 2 тысячи куриц и 500 уток. Успешная реализация объекта позволит создать 15 рабочих мест.

Шора ХАМИТОВ

НОВОСТИ

КАК ОТКРЫТЬ БИЗНЕС В ИСПРАВИТЕЛЬНОМ УЧРЕЖДЕНИИ?

Как сообщила пресс-служба областной палаты предпринимателей, вТалдыкоргане предпринимателям Алматинской области рассказали, как открыть бизнес в исправительных колониях. На совещании в РПП «Атамекен» приняли участие начальник отдела развития человеческого капитала областной Палаты предпринимателей АлмагульОнгарбаева, заместитель начальника Департамента УИС по Алматинской области Манас Туякбаев, и.о. директора ФРГП «Енбек-Жаугашты» Адилет Баймадиев, руководитель отдела промышленности Управления предпринимательства, индустриально-инновационного развития Алматинской области Мейрамгуль Шакерова, а также представители исправительных учреждений и предприниматели региона.

Участникам встречи были презентованы свободные помещения, находящиеся на территориях исправительных учреждений, а также разъяснен алгоритм открытия производства в режимных объектах.

«Атамекен» совместно с ДУИС и Управлением предпринимательства, индустриально-инновационного развития проводит совместную работус бизнесом по открытию новых производств на территории учреждений и трудоустройству осужденных. При акимате области действует консультативно-совещательный орган в данном направлении, где мы поднимаем актуальные вопросы и предложения», - рассказала начальник отдела развития человеческого капитала Региональной палаты предпринимателей Алмагуль Онгарбаева.

Заместитель начальника Департамента УИС по Алматинской области Манас Туякбаев отметил, что сегодня на территории исправительных колоний реализуются ряд совместных предприятий с субъектами предпринимательства.

«На предоставленных площадках в учреждениях в поселках Жаугашты и Заречном открыты швейные, столярные, сварочные цеха, хлебопекарня, цеха по производству мясной продукции и другие. В случае заинтересованности мы готовы организовать посещения на объекты и ознакомить с имеющейся инфраструктурой», - подчеркнул Манас Туякбаев.

По словам и.о. директора ФРГП «Енбек-Жаугашты» Адилета Баймадиева, участие в подобном проекте с ДУИС будет выгодным для предпринимателя. Бизнесмен оплачивает только накладные расходы, коммунальные услуги и заработную плату осужденных. В настоящее время на территории исправительных колоний имеется 9500 кв.м свободных помещений.

Так, вданное время на территории учреждения ЛА 155/8 функционируют 5 - тоо и 7 -ИП. которые занимаются производством различных видов изделий.а также расширением своих производств и рабочих мест для осужденных. Удобный подъезд для крупно-габаритного автотранспорта. На промышленной зоне при учреждении ла 155/12 функционируют свою производственную деятельность ТОО и ИП, которые занимаются производством различных видов изделий, а также расширением своих производств, предоставляя больше рабочих мест для осужденных. В ЛА 155/4 предприятия представлены несколькими направлениями: швейное производство, вязальный цех, матрацный цех, меховой цех, хлебопекарня, цех по производству мясных и рыбных продукции.

В ходе встречи представители фабрики «ТФ «Ажар» поделились своим опытом сотрудничества с исправительными учреждениями, также предпринимателями в адрес ДУИС были заданы вопросы.

Ш. БАТЫРОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ФУТБОЛ

ЖУРНАЛИСТ АТЫНДАҒЫ ТУРНИР

Талдықорғанда бұқаралық ақпарат құралдары арасында кіші футболдан қазақ журналистикасының жарық жұлдызы Бейсен Құранбекті еске алуға арналған республикалық турнир өтті.

Додаға өңіріміздегі қаламгерлермен қоса Алматы, Шымкент, Тараз, Қызылорда, Өскемен қалаларынан келген командалар қатысты.

Жарыстың ашылу салтанатында сөз алған облыстық «Жетісу» телеарнасы директорының орынбасары Досан Қызайбай:

– *Қазақтың қабырғалы қаламгері Бейсен Құранбек әр әңгімесінде елдің өсіп-өркендеуін, ауызбіршілігін тілге тиек етіп отыратын. Сондай-ақ, қазақ жастарының жігерлі де қайсар болғанын қалады. Сондықтан бүгінгі жарыстың мақсаты – жастарды спортқа, отаншылдыққа баулу. Бейсекең ұлтын шексіз сүйген азамат еді. Қазақта: «Аруағын ардақтаған елдің ұрпағы тозбас» деген жақсы мақал бар. Болашақ ұрпақ елі үшін еселі еңбек еткен жанды мәңгі ұмытпауы тиіс. Біз Бейсен сияқты азаматтардың өнегелі жолы арқылы келешегі мықты жастарды, рухты перзенттерді тәрбиелеуіміз керек. Сондықтан додаға қатысқанның өзі әр команда үшін үлкен жеңіс*, – деп жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Осыдан кейін сөз алған Алматы құрамаларын бастап келген Шоқан Мақан мен Есей Жеңісұлы Бейсен ағамыз жайлы жылы естеліктер айтып, жарысты ұйымдастырушыларға алғысын білдірді. Доданы ұлт перзентінің інісі Нұрхан Төлегенұлы ашық деп жариялады.

Жарыстың облыстық спорт басқармасы, «Жетісу» телеарнасы, мәдениет басқармасы, жастар саясаты, Жетісу университеті, Қазақстан Журналистер одағы Алматы облыстық филиалы, қала әкімдігі және Бейсен ағамыздың досы Айтқали Бекеев ағамыздың мұрындық болуымен өткенін айта кеткеніміз жөн. Ұйымдастырушылар болашақта бұл турнирдің дәстүрге айналатынын және ауқымы кеңейетінін айтты.

Ала доп аламаны санитарлық талаптарды сақтай отырып өтті. Сайыс тартысқа толы болды. Публицистика шеберлері ала допты ұршықша иіріп, әдемі ойын өрнегін көрсетті.

Жарыс қорытындысы бойынша 1-орынды «Алматы құрамалары» командасы қанжығасына байлап, 250 мың теңгенің сертификатын иеленді. 2-орынды еншілеген Жамбыл облысынан келген «TARAZ-PRESS» командасына 150 мың теңгенің сертификаты табысталды. Ал 3-орын алған «Шымкент» командасына 100 мың теңгенің сертификаты берілді. Әр аталым бойынша үздік ойыншылар анықталды. Атап айтсақ, «Шығыс ақпарат» командасынан Әділхан Есімхан «Үздік қақпашы», «Қарекет» командасынан Думан Алтынбекұлы «Үздік қорғаушы», «Ақмешіт» командасынан Әділбек Жаханов «Үздік шабуылшы», «Жетісу» командасынан Бауыржан Сатыбалды «Үздік ойыншы» аталымын жеңіп алды.

Сайыс соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлерді ұлт перзентінің інісі Асқар Құранбек, облыстық мәдениет басқармасының басшысы Мәрлен Көлбаев, «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары Жұматай Әміреев, Ескелді ауданының әкімі Рустам Әли марапаттады.

Айдар ҚАЛИЕВ

АУДАН ТЫНЫСЫ

НАРЫНҚОЛДА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ, САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ

Республика бойынша заманауи дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу бойынша Алматы облысы алдыңғы қатарда. Осы уақытқа дейін 12 нысан қолданысқа берілді. Солардың бірі Алматы облысы әкімінің орынбасары Арслан Дандыбаевтың қатысуымен ашылған Райымбек ауданы, Нарынқол ауылындағы спорт кешені.

Нарынқол ауылының тұрғындары үшін спорт кешенінің ашылуы қуанышты жаңалықтардың бірі болды. Себебі, ескі кинотеатрда жаттықтырылған балалар енді заманауи талапқа сай жабдықталған залда жаттығатын болады.

Тәуелсіздігіміздің 30 жыл-дығы қарсаңына орай ашылған нысанның мерейтойына арнайы келген облыс әкімінің орынбасары Арслан Дандыбаев құттықтау сөз сөйледі.

«Отыз жылда Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген басшылығымен Қазақстанның жаңа дәуірінің тарихы қалыптасты. Орасан зор жұмыстар атқарылып, еліміз дамудың жаңа сатысына көтерілді.

Өздеріңізге мәлім, 2018 жылы Елбасы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен Райымбек және Кеген аудандары қайта құрылды. Ауданның дамуына, инфрақұрылымды қалпына келтіруге бюджеттен 17,9млрд. теңге қаржы жұмсалды. Шекараның шебінде, облыстың шетінде қайта шаңырақ көтерген Райымбек ауданының жаңарып, көркейіп келетіні – көңіл қуантады. Пайдалануға берілгелі отырған дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылу салтанаты құтты болсын» – деп ізгі тілегімен бөлісті.

Мұнан кейін халықтың қуанышына ортақтасып келген ережесіз жекпе-жектен әлемнің екі дүркін чемпионы Ардақ Назаров та ыстық лебізін жеткізді.

«Кешегі біз дайындалған залмен бүгінгі жағдайды салыстыруға келмес. 30 метрлік шаршы алаңда жаттықсақ та, жеңістің биік тұғырынан көріне білдік. Осындай кең алаңда жаттыққан балалар бақытты. Ендігі талап – тек еңбектену керек. Алдыға үлкен мақсат қойып, ертең елдің чемпионы боламын деген балалардың саны көбейетініне сенімдімін».

Ғимараттың кіре берісінен әлемге әйгілі Қазақстан чемпиондарының суреттері көзге түседі.

Аталған спорттық сауықтыру кешені бір мезгілде күрес, бокс, валейбол, гандбол және заман талабына сай жаттықтыру алаңында 144 спортшы қабылдап, спортпен айналысуына жағдай жасай алады. Сонымен қатар мәжіліс залы, медициналық және массаж кабинетімен толықтырылған.

«Бокс жаттықтырушысы болғаныма екі жылдан асты. Облыс бойынша бірнеше жүлдеміз бар. Орталық ашылғалы бері қызығушылық танытып, келушілер саны артып келеді. Бұрыңғыдай қолғап жетіспеушілік, грушаны кезекпен ұру сияқты мәселелеріміздің шешілгеніне қуаныштымын», – дейді бокс жаттықтырушысы Аида Қожанқызы.

Еркін күреспен айналысқанына алты жылдан асқан Ибрахим Ысқақбекұлы да өзінің ыстық лебізін білдірді.

«Ескі ғимаратта жаттығу қиынға соғатын. Жаттығу алаңының тарлығына байланысты жүгіріп, күресу барысында шектеулер болатын. Енді алаңсыз спортпен айналысуға мүмкіндік алдық».

Өңірде бұдан өзге Достық, Жансүгіров, Шонжы ауылдарында да дене шынықтыру-сауықтыру кешендері салынуда. Сондай-ақ, жаздың аяғына дейін Балқаш ауданы Бақанас ауылында дәл осындай дене шынықтыру-сауықтыру кешенін және Талдықорған қаласында Орта Азияда теңдесі жоқ Олимпиадалық стандартқа сай «Талдықорған» орталық бассейнін ашу жоспарда.

Ардағұл ӘСКЕРБЕК
РАЙЫМБЕК АУДАНЫ

ТӨРТ ЖЫЛДЫҚТЫҢ БАСТЫ ДОДАСЫ

ЖЕТІСУДАН КІМДЕР ҚАТЫСАДЫ?

Қазақстан Тәуелсіздік алғалы бері спортшыларымыз Азия, Әлем, Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері болып, көк байрағымызды желбіретуде.

XXXII жазғы Олимпиада ойындарында да спортшыларымыз Отанымыздың мәртебесін көтеріп, жеңіс тұғырынан көрінеді деп сенеміз. Ұлттық құрама команда спортшылары олимпиада ойындарына 25 спорттың түрінен, бүгінгі күнге, 62 лицензия бар.

Төрт жылдықтың басты додасы 2021 жылы Токио қаласында өтетін XXXII жазғы Олимпиада Ойындарына жолдамалар сарапқа салынатын турнирлер мен чемпионаттарда бүгінгі таңда 11 лицензия ұтып алынды. Бұл жолдамаларды Азия, Әлем Чемпионаттарында жоғары жетістіктерге қол жеткізген спортшыларымыз: грек-рим күресінен – Асхат Дильмухамедов,ауыр атлетикадан – Зулфия Чиншанло, ауыр атлетикадан – Сон Игорь, велосипед спортынан (трек) – Пономарев Сергей, жеңіл атлетикадан (спорттық жүріс) – Ратова Айман, жеңіл атлетика (ядро лақтыру) – Иванов Иван, байдарка мен каноэде есуден – Усова Светлана, садақ атудан – Санжар Мұсаев, Денис Ганькин, Ильфат Абдуллин және 1 командалық жолдама қолда бар. Сонымен қатар, 4 спортшы жолдама иеленуге үміткер болып табылады. Олар: тас жолдағы велосипед спортынан – Натаров Юрий, Фоминых Данил, жүзуден – Федотова Мария, садақ атудан – Фарида Түкебаева.

Ел намысын қорғайтын оғландардың асығы алшысынан түскей.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ДЕНСАУЛЫҚ

ТАРЫНЫҢ АҒЗАҒА ПАЙДАСЫ

Тарыны адам ағзасына қажетті витаминдердің қайнар көзі десе болады. Құрамында белоктар жеткілікті. Соған орай аллергияны қоздыратын глютен жоқ. Әрі В тобына жататын витаминдерге және бауырдың дұрыс істеуіне аса қажетті холинге бай.

Тарының құрамында адам сүйектеріне, жүрекке, иммуитетті көтеруге керекті магний мен фосфор, калий, цинк сияқты металдар көп. Тарыда адам ағзасын қуат көзімен қамтамасыз етіп отыратын крахмал да жеткілікті. Соған орай, кейбір жармалар (крупа) сияқты қандағы қанттың көбеюіне ықпал етпейді деп жазады «Ауырмаңыз!» газеті. Сондықтан тары қант диабетімен ауыратындар үшін күнделікті тұтынуларына аса қажетті. Оның үстіне, салмақтан арылуға әрекет етіп жүргендер үшін тиімді.

Тарыда көз жанарының бұзылуына әсер ететін зиянды заттардың әрекеттерін тоқтататын антиоксидттар бар. Сонымен бірге өт қабы мен өт жолдарының жұмысына тигізер пайдасы зор.

Ақталған күріш пен бидайдың ақ ұнына қарағанда, тары калий мен лигнианға бай. Соңғысы жүрек-қан тамырларын және ағзаны артық майдан және улы зарттардан арылтуда таптырмайтын зат. Тарыны көкөніспен, тауық етімен, балықпен қосып жеген дұрыс. Ас әзірлеуден бұрын тарыны жақсылап жуып, тез пісіп, бойындағы пайдалы заттарын жоғалтпау үшін суға шылап, бір сағат ұстау керек.

Стресті бармақпен басады

Адам қобалжығанда қолымен бірдеңелерді ұстайтыны, кейде алақанын ысқылайтыны белгілі. Бұл – табиғи реакция, ол адамды тыныштанырады. Стресстен арылу үшін алақанға массаж жасау керек. Алақан ортасындағы құрсақ өрімі нүктесін бас бармақпен екі-үш минут ұқаласа, көмектеседі.

Бас ауруын басады

Бас ауырған кезде бас бармақтың ең сезімтал нүктесін тауып, оны екінші қолдың бас бармағымен ұқалау керек. Сосын оны екінші қолға да жасайды. Бас ауруы бірден басылуы тиіс. Егер басыла қоймаса, оның себебі сымбаттың дұрыс еместігінде, белдегі ширығуда болуы мүмкін. Жалпы, бас жиі ауыра берсе, дәрігерге көрініп, тексерілген абзал.

Ас қорытуға көмектеседі

Егер ас қорытылмай, мазаны алса, онда бас бармақ түбінен шынашаққа қарайғы бағытта 2 минут бойы массаж жасаңыз. Екінші қолға да осылай етіңіз. Табандағы сондай нүктені ұқаласа да болады. Ол үшін теннис шаригін табан ортасымен басып, әрі-бері қозғау керек. Ол ішек жұмысын жақсартады.

..Қысқасы, алақан мен саусақта ішкі ағза мүшелерімен, жұлынмен байланысты нүктелер көп. Соларды тауып, емделуге пайдалануға болады.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

ҚАРА ДАҚТАН ҚАЛАЙ ҚҰТЫЛАМЫЗ?

Көп қыздың бетіне қара, қоңыр дақтар шығып кетеді. Оны қалай кетіру керек екенін және бетті ағартудың бірнеше жолын айтамыз.

Әдетте дақтар күн сәулесінің әсерінен шығады немесе тұқым қуалап беріледі. Асқазан ауырса да шығуы мүмкін. Секпіл, дақтарды кетіру үшін әртүрлі косметикалық құралдар бар. Дегенмен олардың көбі әрі қымбат, әрі пайдасыз. Сол себепті алдымен өзіңіз маска жасап, кетіруге тырысып көріңіз.

Ақжелкен маскасы

Ақжелкен шөбін үгітіп, таза бетке жағыңыз. Жарты сағаттан кейін жуып, ылғалдандырушы иісмай жағып қойыңыз. Ақжелкен теріні ағартып, жұмсақ етеді.

Ақжелкен мен кілегей маскасы

Бұл маска құрғақ теріге арналған. Үгітілген ақжелкенді кілегей немесе қаймақпен араластырыңыз. Бетке жағып, жарты сағаттан кейін жылы сумен жуып тастаңыз.

Лимон қабығының маскасы

Лимон қабығын жарты сағат суға салып, қайнатыңыз. От бәсең болуы керек. Уақыт өткеннен кейін тұндырып қойыңыз. Бұл қоспа – табиғи тоник. Онымен күніне үш рет бетіңізді сүртіп тұрыңыз.

Лимон мен крахмал маскасы

Жарты ас қасық картоп крахмалын лимон шырынымен араластырыңыз. Қоспаны бетке жағып, жарты сағаттан кейін жылы сумен жуып тастаңыз. Егер бетіңіз қызып бара жатса, бірден жуып тастауыңызға болады.

АСТАРЛЫ ӘҢГІМЕ

Дүниеге құнықпа

Өте бай кісі өлімінің жақындағанын сезгенінде баласын жанына шақыртып ең маңызды өсиетін айтыпты. «Балам мені мазарға шұлығыммен көміңдер!» депті. Баласы түсінбегенімен жарайды деп қабыл етеді. Әкесі қолына тағы бір хат береді. «Мен өлгеннен кейін бірінші қиналған кезінде хатты ашып оқы!» дейді. Күндер өтіп ажалы келген әкесі жан тапсырады. Ал бұл кезде баласын бір ой мазалап жүреді. «Мен енді әкемді шұлықтарымен бірге қалай көмемін...» Қанша молдаға, имамға барса да алғаны бір жауап «жоқ, дінімізде ондай нәрсе болмайды!». Бала шарасыз отырғанда есіне әкесінің «бірінші қиналған кезінде ашып оқы» деп берген хаты түседі. Дереу хатты тауып оқиды. Хатта былай жазылған болады: «Балам байқағаныңдай мен мұнша бай болсам да өзіммен бірге бір шұлықты да алып кете алмадым.Дүниеге құнықпа! Енді қалғанын өзің ойлан...»

Суға кеткен тиындар

Сүт сатумен айналысатын шаһар тұрғыны соңғы кездері сүтке су қосып сатуды ойлап шығарыпты. Күндердің күнінде, әлгі сатушы көрші қаланың базарынан табыспен үйіне кемеде қайтып келе жатады. Жолда көзі ілініп кеткен саудагер ояна келсе, тиын салатын әмияны орнында жоқ.

Іздей бастаса, әмияны желкенге шығып алған мақұлық маймылдың қолында екен. Маймылға жалына кеткен саудагер қолын созып әмиянын сұрайды, бірақ маймылдың берер түрі жоқ. Ішінен тиындарды шаша бастайды: мақұлық бірін саудагерге лақтырса, бірін суға лақтырып ойнайды. Құдды бір табыстың тең жартысы суға тиесілі екендігінен хабардар еткен сияқты.

Байлық туралы қанатты сөздер

Көптеген еңбек жасап өкінішінен жеңісі көп болған жандардың болашақта ізін жалғаушылар мен сөзге тоқтайтындарға берер ақыл-кеңестері жетерлік. Енді солардың арасынан байлық пен кедейлік жайында айтылған нақыл сөздерге кезек берейік.

Бұл өмірде бізді бай етіп көрсететін бергеніміз емес, алғанымыз.

Генри Бигер.

Егер бай болғыңыз келсе, қызғаншақтықтан аулақ болыңыз.

Клод Гельвеций

Көзі тоймайтын жандар өз байлығына көп қарайды, ал, жаратуға келгенде өзгенің дүниесіндей қорқады.

Бион

Қаңғыбас пен қайыршыны көргенде айналып өтпе.

Менандр

Қалтасы жұқа адам кедей емес, көпті қалайтын адам кедей.

Сенека

Науқасқа дәрігерден аурын жасыруға, ал, кедейге досынан тұрмысын жасыруға болмайды.

Иоанн Дамаскин

Кедейшіліктің қыспағы сондай, адамдар өзіне жақсылық жасаған жандардан қатты ұялады.

Вовенарг

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Карина ПФАЙФЕР – тілші
Ардагүл ӘСКЕРБЕК – тілші

Кезекші редактор: К. ПФАЙФЕР

Алатау
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.
Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.
Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 593
Индекс 15534